



Bank of Kazakhstan

Қазақстан Ұлттық Банкінің

Хабаршысы

- 1 Баспасөз релиздері
- 5 Шетел валюталарының ресми бағамдары
- 6 Қазақстан экономикасы қаржы секторының ағымдағы жай-күйі
- 14 Нормативтік құқықтық актілер

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы»

Редакторы:

Ақышев Д.Т.– Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары;

Редактордың орынбасары:

Терентьев А. Л. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаментінің директоры;

Кеңес мүшелері:

Орлов П.Е.– Зерттеулер және стратегия департаментінің кәсіпорындар мониторингі басқармасының бастығы; Мадиярова Ә.Қ. – Төлем жүйелері департаментінің төлем жүйелерін қадағалау басқармасының бастығы; Сарсенова Н.В.- Заң департаменті директорының орынбасары; Сәрсенбаева А.И. – Қызметкерлермен жұмыс жүргізу департаментінің аударма және мемлекеттік тілді ендіру басқармасының бас маман-аудармашысы;

Шығаруға жауапты:

Шабанова Н.Н. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаментінің қоғамдық байланыстар басқармасының бас маманы.

Тел: 8 (727) 330-24-52

Құрылтайшы – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі РММ
050040, Алматы қ.,
«Коктем-3» ықшам ауданы, 21

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде
1997 жылғы 24 ақпанда № 432 тіркелді

Шығарылым кезендігі – айына 2 рет
Жылына жалпы шығарылымы – 24 нөмір
Бір шығарылымның таралымы – 100 дана

1995 жылдан бастап шығарылады



«АСЫЛ КІТАП» БАСПА ҮЙІ ЖШС

Қазақстан Республикасы
050009, Алматы қаласы
Абай данғылы, 143
asylkitap@mail.ru
+7 (727)394 41 67

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№30 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2013 жылғы 9 қыркүйек**

Қаржы нарығындағы ахуал туралы

1. Инфляция

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми деректері бойынша 2013 жылғы тамызда инфляция 0,2% (2012 жылғы тамызда – 0,3%) деңгейінде қалыптасты. Азық-түлік тауарларының бағасы өзгерген жоқ (өсуі - 0,2%), азық-түлікке жатпайтын тауарлар 0,3% (өсуі - 0,3%) өсті. Ақылы қызмет көрсету тарифтері 0,5% (0,4%-ға) өсті.

Азық-түлік тауарлары нарығында 2013 жылғы тамызда көп дәрежеде жұмыртқа - 1,8%, күріш – 1,4%, макарон өнімдері – 0,6%, қант және кондитерлік бұйымдар – 0,2% қымбаттады. Бұдан басқа, темекі бұйымдарының бағасы 1,5%-ға өсті. Жемістер мен көкөністер бағасының - 2,2%, оның ішінде қырыққабат – 7,4%, пияз – 5,1%, жарма – 0,1%, май және тоң майлар – 0,1% төмендегені тіркелді.


Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында сырт киімнің бағасы 0,4%, аяқ киім – 0,1%, күнделікті үй заттары – 0,3%, дәрі-дәрмектер – 0,3% көтерілді. Бензиннің және дизель отынының құны 0,1%-ға көтерілді.

Ақылы қызмет көрсету тобында тұрғын үй-коммуналдық саладағы қызметке ақы төлеу 0,7%-ға өсті. Бұл ретте суық су тарифтері - 4,3%, кәріз – 3,7%, қоқыс жинау – 2,1%, тұрғын үйді ұстау – 1,7% өсті. Ыстық су тарифтері 0,1% төмендеді. Бұдан басқа, өткен айда медициналық қызмет көрсету бағасы 0,3%, көлік қызметі – 0,4%, мейрамханалар мен қонақүйлердің қызметі – 0,4% көтерілді.

2012 жылғы қаңтар-тамызда инфляция 3,1% (2012 жылғы қаңтар-тамызда – 3,2%) болды. Азық-түлік тауарлары 2013 жылдың басынан 1,7% (2,8%), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 1,6% (2,0%), ақылы қызмет көрсету – 6,3% (5,2%) қымбаттады (1-график).

1-график

2012 және 2013 жж. қаңтар-тамыздағы инфляция және оның құрамдас бөліктері



2013 жылғы тамызда инфляция жылдық көрсетуде 5,8% (2012 жылғы желтоқсанда – 6,0%) болды. Азық-түлік тауарлары соңғы 12 айда 4,3 (5,3%), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 3,1% (3,5%), ақылы қызметтер – 10,5% (9,3%) қымбаттады.

2. Халықаралық резервтер мен ақша агрегаттары

2013 жылғы тамызда Ұлттық Банктің халықаралық резервтері ұлғайды. Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері 25,9 млрд. АҚШ долл. дейін 1,5%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 8,5%-ға төмендеді). Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 1,6%-ға ұлғайып, 25,3 млрд. АҚШ долл. құрады (жыл басынан бері 8,7%-ға төмендеді). Ішкі валюта нарығында валютаны сатып алу, Ұлттық Банктегі Үкіметтің шоттарына валютаның келіп түсуі Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету, Ұлттық қор активтерін толықтыру бойынша операциялармен және банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың төмендеуімен бейтараптандырылды. Нәтижесінде таза валюта қорлары (ЕАВ) 2013 жылғы тамызда 0,2%-ға төмендеді, алтындағы активтер

жүргізілген операциялар және оның әлемдік нарықтарда бағасының өсуі салдарынан 7,6%-ға өсті.

2013 жылғы тамызда елдің халықаралық резервтері, жалпы алғанда, Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін қоса алғанда (алдын ала деректер бойынша 66,0 млрд. АҚШ долл.) 91,8 млрд. АҚШ долларына дейін 2,2%-ға өсті (жыл басынан бері 6,7%-ға өсті).

2013 жылғы тамызда ақша базасы 6,5%-ға тарылып, 2906,0 млрд. теңге болды (жыл басынан бері 0,6%-ға кеңейді). Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 2875,5 млрд. теңгеге дейін 5,9%-ға төмендеді.

2013 жылғы шілдеде ақша массасы 11681,7 млрд. теңгеге дейін 0,9%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 11,0%-ға өсті), айналыстағы қолма-қол ақшаның көлемі 1475,9 млрд. теңгеге дейін 3,1%-ға төмендеді (жыл басынан бері 3,4%-ға төмендеді), банк жүйесіндегі депозиттер 10205,8 млрд. теңгеге дейін 1,5%-ға өсті (жыл басынан бері 13,5% өсті). Ақша массасының құрылымындағы депозиттердің үлесі айналыстағы қолма-қол ақша көлемінің қысқаруы аясында депозиттер көлемінің өсуі салдарынан 2012 жылғы желтоқсандағы 85,5%-дан 2013 жылғы шілдеде 87,4%-ға дейін ұлғайды.

Ақша мультипликаторы 2013 жылғы шілдеде тіркелген ақша базасының кеңеюі қарқынымен салыстырғанда, ақша массасының үдемелі өсуі қарқынының салдарынан 2012 жылғы желтоқсандағы 3,64-ден 2013 жылғы шілденің қорытындылары бойынша 3,76-ға дейін өсті.

3. Валюта нарығы

2013 жылғы тамызда теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 1 АҚШ доллары үшін 152,16–153,81 теңге аралығында өзгерді. Айдың соңында теңгенің биржалық бағамы бір АҚШ доллары үшін 152,81 теңге болды.

2013 жылғы тамызда қосымша сауда-саттықтардағы мәмілелерді қоса алғанда, Қазақстан қор биржасындағы биржалық операциялардың көлемі 2013 жылғы шілдемен салыстырғанда 7,4%-ға өсіп, 6,8 млрд. АҚШ долл. болды. Биржадан тыс валюта нарығында операциялардың көлемі 2 еседен артық өсіп, 2,9 млрд. АҚШ долл. құрады.

Жалпы алғанда, ішкі валюта нарығындағы операциялардың көлемі 24,9%-ға ұлғайып, 9,8 млрд. АҚШ долл. болды.

Ұлттық Банк валюта нарығындағы трендке сәйкес іс-әрекет жасайды: ұлттық валюта нығайған кезде шетел валютасын сатып алады және әлсіреген кезде сатады. Бұл ретте осы операциялар тек теңгенің күрт және тұрақсыздандыру ауытқуларының алдын алу үшін ғана жүргізілетінін атап көрсеткен жөн.

4. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

2013 жылғы тамызда Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру бойынша 7 аукцион өткізілді. Онда 12 айлық МЕККАМ (6,4 млрд. теңге және 3,6 млрд. теңге), 5 жылдық МЕОКАМ (14,8 млрд. теңге және 20,8 млрд. теңге), 6 жылдық МЕУКАМ (4,3 млрд. теңге), 7 жылдық МЕУКАМ (15,5 млрд. теңге), 12 жылдық МЕУКАМ (11,5 млрд. теңге) орналастырылды.

Орналастырылған бағалы қағаздар бойынша тиімді кірістілік: 12 айлық МЕККАМ бойынша инфляция деңгейінен 2,70% және 2,80%, 5 жылдық МЕОКАМ бойынша – 4,04% және 5,47%, 6 жылдық МЕУКАМ бойынша – 5,70%, 7 жылдық МЕУКАМ бойынша – 5,80%, 12 жылдық МЕУКАМ бойынша – 6,40% құрады.

Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі алдыңғы аймен салыстырғанда 1,7% ұлғая отырып, 2013 жылғы тамыздың аяғында 3209,7 млрд. теңге құрады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары. Ұлттық Банктің ноттары эмиссиясының көлемі 2013 жылғы тамызда 3,7 млрд. теңге болды.

Бұл ретте 3 айлық ноттарды орналастыру бойынша 4 аукцион (1,5 млрд. теңге 1,0 млрд. теңге, 0,7 млрд. теңге және 0,5 млрд. теңге) өткізілді. Олар бойынша тиімді кірістілік тиісінше 1,99%, 1,99%, 1,99% және 2,00% болды.

Айналыстағы ноттардың көлемі 2013 жылғы шілдемен салыстырғанда 2013 жылғы тамыздың аяғында 10,3% қысқарып, 34,0 млрд. теңге құрады.

5. Банкаралық ақша нарығы

2013 жылғы шілдеде орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі 2013 жылғы маусыммен салыстырғанда 7,2%-ға ұлғайып, баламасында 2 452,6 млрд. теңге болды.

Теңгемен орналастырылған банкаралық депозиттердің көлемі 84,9%-ға өсті және 210,7 млрд. теңге (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 8,6%) болды. Бұл ретте теңгемен орналастырылған банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2013 жылғы шілдеде 1,23%-дан 0,88%-ға дейін төмендеді.

2013 жылғы шілдеде 2013 жылғы маусыммен салыстырғанда доллармен орналастырылған депозиттердің көлемі 2,6%-ға ұлғайып, 13,9 млрд. АҚШ долл. (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 86,5%) болды. Доллармен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2013 жылғы шілдеде 0,09% түрінде өзгеріссіз қалды.

Ресей рублімен депозиттерге орналастыру көлемі бір айда 1,7%-ға ұлғайып, 25,6 млрд. рубльді құрады (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 4,9%). Рубльмен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 5,01%-дан 5,07%-ға дейін өсті.

Еуромен орналастырылған депозиттердің көлемі мардымсыз – орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 0,1%.

Шетел валютасындағы банкаралық депозиттердің үлесі 2013 жылғы шілдеде орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінен 95,0%-дан 91,4%-ға дейін азайды. Шетел валютасында резидент емес банктерде орналастырылған депозиттердің үлесі орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемінен 94,6%-дан 90,7%-ға дейін азайды.

Ұлттық Банк банктерден тартқан депозиттердің көлемі 2013 жылғы шілдеде 2013 жылғы маусыммен салыстырғанда екі есе ұлғайып, 177,7 млрд. теңгені құрады.

6. Депозит нарығы

Депозиттік ұйымдардағы резиденттер депозиттерінің жалпы көлемі 2013 жылғы шілдеде 10 205,8 млрд. теңгеге дейін 1,5%-ға ұлғайды (жылдың басынан бастап 13,5% өсті). Заңды тұлғалардың депозиттері бір айда 6 539,2 млрд. теңгеге дейін 1,4%-ға ұлғайды (жылдың басынан бастап 16,3% өсті), жеке тұлғалардың депозиттері 3 666,7 млрд. теңгеге дейін 1,7%-ға ұлғайды (жылдың басынан бастап 8,7% өсті).

2013 жылғы шілдеде ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі 6 254,7 млрд. теңгеге дейін 5,3%-ға артты (заңды тұлғалардың депозиттері 5,2% төмендеді, жеке тұлғалардың депозиттері 5,3% төмендеді), шетел валютасындағы депозиттердің көлемі 3 951,1 млрд. теңгеге дейін 14,4%-ға ұлғайды (заңды тұлғалардың депозиттері 15,6% өсті, жеке тұлғалардың депозиттері 12,7% өсті). Теңгемен берілген депозиттердің үлес салмағы бір айда 65,7%-дан 61,3%-ға дейін төмендеді.

Халықтың (резидент еместерді қоса есептегенде) банктердегі салымдары 2013 жылғы шілдеде 3 701,7 млрд. теңгеге дейін 1,6%-ға ұлғайды (жылдың басынан бері 8,6%-ға өсті). Халық салымдарының құрылымында теңгедегі депозиттер 2 100,8 млрд. теңгеге дейін 5,3%-ға төмендеді, шетел валютасындағы депозиттер 1 600,9 млрд. теңгеге дейін 12,4%-ға көтерілді. Халық салымдарының құрамында теңгедегі депозиттердің үлес салмағы бір айда 60,9%-дан 56,8%-ға дейін төмендеді.

2013 жылғы шілдеде мерзімді депозиттер 0,9%-ға 6 648,4 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Мерзімді депозиттердің құрамында теңгемен депозиттер 4,1%-ға 3 981,9 млрд. теңгеге дейін төмендеді, шетел валютасымен депозиттер 9,4%-ға 2 666,5 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

2013 жылғы шілдеде банктік емес заңды тұлғалардың теңгемен мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 3,5% (2013 жылғы маусымда – 3,6%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 6,5% (6,8%) болды.

7. Кредит нарығы

Банктердің экономиканы кредиттеуінің жалпы көлемі 2013 жылғы шілдеде 10 707,7 млрд. теңгені құрап, 1,5% (жылдың басынан бері 7,5% өскен) өсті.

Ұлттық валютадағы кредиттердің көлемі 0,2%-ға 7 535,7 млрд. теңгеге дейін (жылдың басынан бері 7,0% өскен) төмендеді, шетел валютасындағы кредит көлемі 5,9%-ға 3 172,0 млрд. теңгеге дейін (жылдың басынан бері 8,8% өскен) ұлғайды. Теңгедегі кредиттердің үлес салмағы бір айда 71,6%-дан 70,4%-ға дейін төмендеді.

Ұзақ мерзімді кредиттеу 2013 жылғы шілдеде 8 723,8 млрд. теңгені құрап, 1,8%-ға көтерілді, қысқа мерзімді кредиттеу 0,4%-ға 1 983,9 млрд. теңгеге дейін өсті. Ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы бір айда 81,3%-дан 81,5%-ға дейін ұлғайды.

Занды тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі 2013 жылғы шілдеде 0,9%-ға 7 386,6 млрд. теңгеге дейін, жеке тұлғаларға кредиттер 3,1%-ға 3 321,1 млрд. теңгеге дейін ұлғайған. Жеке тұлғаларға берілген кредиттердің үлес салмағы бір айда 30,5%-дан 31,0%-ға дейін ұлғайды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 2013 жылғы шілдеде 0,9%-ға 1 459,9 млрд. теңгеге дейін (жылдың басынан бері 3,4% өскен) төмендеді, бұл экономикаға кредиттердің жалпы көлемінің 13,6% құрайды.

Салалар бойынша банктердің экономикаға кредиттерінің анағұрлым айтарлықтай сомасы саудаға (жалпы көлемдегі үлесі – 19,6%), құрылысқа (13,0%), өнеркәсіпке (12,1%), көлікке (3,4%) және ауыл шаруашылығына (3,0%) тиесілі.

Банктік емес занды тұлғаларға ұлттық валютасында берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2013 жылғы шілдеде 10,4% (2013 жылғы маусымда – 10,3%), жеке тұлғаларға – 19,6% (19,5%) болды.

2013 жылғы шетел валюталарының ресми айырбастау бағамдары


		30-02.09	03.09	04.09	05.09	06.09	07-09.09	10.09	11.09	12.09	13.09	14-16.09
Австралия доллары	AUD	136,54	137,71	138,28	139,98	139,86	139,81	141,10	141,91	142,94	141,84	141,72
Ағылшын фунт стерл.	GBP	237,04	238,67	238,75	238,87	239,05	238,24	239,88	240,90	242,38	242,19	242,31
Белорусь рублі	BYR	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02
БРАЗИЛИЯ РЕАЛЫ	BRL	65,18	64,33	64,49	64,94	64,84	65,82	66,62	67,37	67,22	67,36	67,39
Венгер форинті	HUF	0,67	0,68	0,67	0,67	0,67	0,67	0,67	0,68	0,68	0,68	0,68
1 Гонконг доллары	HKD	19,70	19,76	19,77	19,75	19,74	19,73	19,74	19,78	19,80	19,78	19,77
Дат кронасы	DKK	27,18	27,15	27,08	27,06	27,08	26,94	27,08	27,25	27,33	27,33	27,31
Дихрам БАӘ	AED	41,61	41,72	41,74	41,69	41,67	41,66	41,68	41,76	41,81	41,76	41,73
АҚШ доллары	USD	152,81	153,23	153,29	153,13	153,07	153,01	153,09	153,37	153,57	153,37	153,29
Еуро	EUR	202,70	202,51	201,94	201,78	201,87	200,89	201,97	203,20	203,79	203,78	203,66
Канада доллары	CAD	145,57	145,45	145,45	145,67	145,89	146,35	147,47	147,95	148,52	148,63	148,22
Қытай юаны	CNY	24,97	25,04	25,05	25,02	25,01	25,00	25,01	25,06	25,10	25,07	25,05
Кувейт динары	KWD	536,55	537,46	536,92	536,36	536,15	535,94	537,35	539,09	539,98	539,09	539,37
Қырғыз сомы	KGS	3,14	3,14	3,15	3,14	3,14	3,13	3,13	3,12	3,12	3,11	3,10
Латвия латы	LVL	288,76	288,41	287,81	287,30	287,51	286,21	287,66	289,54	290,25	290,25	290,16
Литва литі	LTL	58,71	58,66	58,50	58,46	58,48	58,20	58,52	58,87	59,04	59,04	59,01
Малазия ринггиті	MYR	46,12	46,82	46,66	46,64	46,34	45,99	46,50	46,82	47,09	46,81	46,62
Молдова лейі	MDL	12,04	12,05	12,06	12,01	12,01	11,97	11,98	11,98	12,00	11,98	11,95
Норвег кронасы	NOK	25,19	25,25	25,20	25,28	25,14	25,13	25,20	25,78	25,95	25,90	25,95
Польша злотыйы	PLN	47,38	47,67	47,32	47,32	47,18	46,78	47,32	47,68	48,10	48,29	48,38
Сауд Аравиясының риялы	SAR	40,74	40,86	40,87	40,83	40,81	40,80	40,82	40,89	40,95	40,89	40,87
Ресей рублі	RUB	4,60	4,61	4,59	4,58	4,58	4,58	4,59	4,63	4,69	4,68	4,68
СДР	XDR	232,36	232,19	232,28	231,50	231,52	231,53	230,94	232,14	232,70	232,59	232,95
Сингапур доллары	SGD	119,62	120,36	120,14	120,09	119,79	119,66	120,38	120,78	121,12	120,98	120,70
Тәжік сомониі	TJS	32,05	32,39	32,16	32,12	32,11	32,10	32,35	32,41	32,21	32,17	32,15
1 түрік лірі	TRY	75,05	75,98	74,96	74,59	73,80	74,20	75,34	75,74	76,31	75,75	75,70
Өзбек сумы	UZS	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07
Украин гривнасы	UAH	18,81	18,86	18,83	18,80	18,80	18,76	18,77	18,77	18,83	18,81	18,83
Чех кронасы	CZK	7,90	7,89	7,86	7,83	7,83	7,80	7,83	7,87	7,91	7,92	7,91
Швед кронасы	SEK	23,32	23,19	23,18	23,15	23,06	23,03	23,11	23,41	23,49	23,47	23,44
Швейцар франкі	CHF	164,83	164,39	163,88	163,60	162,93	162,12	163,45	164,30	164,46	164,72	164,58
Оңтүстік Африка рандысы	ZAR	14,77	15,06	14,91	14,93	14,89	14,99	15,35	15,32	15,43	15,46	15,38
100 оңтүстік корейя воны	KRW	13,77	13,93	13,96	14,00	13,94	14,00	14,09	14,13	14,14	14,14	14,11
1 жапон йенасы	JPY	1,56	1,54	1,54	1,54	1,53	1,54	1,54	1,53	1,53	1,54	1,54

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ

1. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

	Кезең соңындағы ресми бағам	Кезеңдегі орташа алынған биржалық бағам, кезең үшін		Қазақстан қор биржасының сауда-саттық көлемі
	USD/KZT	USD/KZT	%*	млн. \$
19.08-23.08	152,34	152,45	-0,26	1 406,10
26.08-29.08	152,47	152,47	0,01	816,85
02.09-06.09	153,07	153,13	0,43	655,20
02.09.2013	152,81	153,15	0,22	67,00
03.09.2013	153,23	153,29	0,04	146,70
04.09.2013	153,29	153,13	-0,10	141,30
05.09.2013	153,13	153,07	-0,04	150,75
06.09.2013	153,07	153,01	-0,04	149,45
09.09-13.09	153,37	153,39	0,17	786,75
09.09.2013	153,01	153,09	0,05	95,85
10.09.2013	153,09	153,37	0,18	125,10
11.09.2013	153,37	153,57	0,13	257,50
12.09.2013	153,57	153,37	-0,13	167,20
13.09.2013	153,37	153,29	-0,05	141,10

* өткен кезеңге өзгерістер




2. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

Мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы нарығы

	сұраныстың ұсыныстан артуы, есе	сұраныстың қанағаттандырылуы, %	кезеңдегі орташа тиімді түсімділік, %	қанағаттандырылған сұраныс көлемі млрд. теңге
Қаржы министрлігінің МБҚ				
09.07-12.07	3,95	28,86	5,90	17,1
15.07-19.07	2,23	45,57	6,00	15,2
22.07-26.07	4,71	25,49	3,84	12,0
29.07-02.08	5,89	13,45	0,30	21,4
05.08-09.08	1,20	56,54	3,98	18,4
12.08-16.08	1,50	58,05	6,14	27,0
19.08-23.08	1,24	67,43	5,52	25,1
26.08-29.08	-	-	-	-
02.09-06.09	0,13	100	4,04	2,0
09.09-13.09	0,52	100	6,00	7,8
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары				
09.07-12.07	0,10	100	1,05	1,0
15.07-19.07	0,10	100	1,05	1,0
22.07-26.07	0,16	100	1,51	1,6
29.07-02.08	0,15	100	1,99	1,5
05.08-09.08	0,10	100	1,99	1,0
12.08-16.08	0,07	100	1,99	0,7
19.08-23.08	-	-	-	-
26.08-29.08	0,05	100	1,99	0,5
02.09-06.09	-	-	-	-
09.09-13.09	-	-	-	-

Теңгемен номинирленген МБҚ нарығы



Айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздар (дисконтталған құны бойынша)

	Көлемі млн.теңге				
	барлығы	оның ішінде Қаржы министрлігінің МБҚ			оның ішінде ҚҰБ ноттары
		ұзақ мерзімді	орташа мерзімді	қысқа мерзімді	
28.06.13	3 140 282,23	2 387 650,97	601 694,25	106 405,75	44 531,25
05.07.13	3 147 779,71	2 387 650,97	601 694,25	106 921,43	51 513,05
12.07.13	3 154 461,79	2 404 745,92	601 694,25	106 921,43	41 100,19
19.07.13	3 164 949,79	2 419 971,56	601 694,25	106 921,43	36 362,54
26.07.13	3 178 549,25	2 419 971,56	613 705,56	106 921,43	37 950,70
02.08.13	3 199 724,88	2 434 971,56	613 705,56	113 315,95	37 731,81
09.08.13	3 206 319,36	2 434 971,56	628 507,24	104 113,66	38 726,91
16.08.13	3 218 154,38	2 461 986,20	618 507,24	104 113,66	33 547,29
23.08.13	3 243 248,29	2 466 280,11	639 307,24	104 113,66	33 547,29
29.08.13	3 243 745,79	2 466 280,11	639 307,24	104 113,66	34 044,79
06.09.13	3 245 740,65	2 466 280,11	641 302,10	104 113,66	34 044,79
13.09.13	3 252 529,70	2 473 069,16	641 302,10	104 113,66	34 044,79

3. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕУРОНОТТАР НАРЫҒЫ


	2003 ж. шығарылым
Шығару кезіндегі кірістілік	7,637
09.09.2013	4,489
10.09.2013	4,05
11.09.2013	3,881
12.09.2013	3,821
13.09.2013	3,758
<i>эмиссия басынан бері</i>	-3,879
<i>апта үшін</i>	-0,731




4. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ

	БААЖ			БТЖ		
	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемінің өзгеруі %	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемінің өзгеруі %
02.09-06.09	248,2	3 212,9	10,5	342,5	89,0	-5,42
09.09-13.09	243,0	3 431,9	6,8	331,8	91,7	3,05

Банкаралық ақша аудару жүйесі




Бөлшек төлемдер жүйесі




5. ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ТАУАР НАРЫҚТАРЫ

Биржа	Индекс	Тармақтардағы мәні		Өзгеруі	
		06.09.2013	13.09.2013	кезең үшін	2001ж. желтоқсаннан бастап
АҚШ	Dow Jones	14 922,50	15 376,06	3,04%	51,68%
Жапония	Nikkei 225	13 860,81	14 404,67	3,92%	36,63%
Германия	DAX	8 275,67	8 509,42	2,82%	64,91%
Ұлыбритания	FTSE	6 547,33	6 583,80	0,56%	26,65%
Гонконг	Hang Seng	22 621,22	22 915,28	1,30%	100,46%


Dow Jones және Nikkei 225 индекстерінің динамикасы



Бағамы	Мәні		Өзгеруі	
	06.09.2013	13.09.2013	кезең үшін	2001ж. желтоқсаннан бастап
USD/JPY	99,11	99,38	0,27%	-24,20%
GBP/USD	1,5633	1,5876	1,55%	9,39%
EUR/USD	1,3178	1,3294	0,88%	50,13%
USD/RUR	33,39	32,67	-2,15%	7,14%



Тауарлар	Өлшем бірлігі	Бағасы, АҚШ долл.		Өзгеруі	
		06.09.2013	13.09.2013	кезең үшін	2001ж. жел. бастап
алтын	тр.ун.	1391,9	1326,4	-4,71%	379,45%
мыс	метр.тонна	7 131,3	7 010,5	-1,69%	380,02%
мырыш	метр.тонна	1 855,3	1 831,3	-1,29%	137,36%
мұнай	баррель	115,63	112,60	-2,62%	454,68%




6. БАНКАРАЛЫҚ АҚША НАРЫҒЫ

Екінші деңгейдегі банктердің қысқа мерзімді банкаралық депозиттері бойынша мәліметтер

	Резидент банктер				Резидент емес банктер			
	1 айға дейін		1 айдан астам		1 айға дейін		1 айдан астам	
	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырыл-ған депозит- тер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)
19.08.13-23.08.13								
KZT	22 050 000	0,70	1 200 000	7,50	960 000	4	1 000 000	6,50
USD	24 000	0,17	0	0,00	3 556 207	0,07	53 500	1,01
EURO	8 500	1,85	0	0,00	4 500	2,50	4 000	3,25
RUR	0	0,00	0	0,00	3 184 000	5,60	0	0,00
26.08.13-30.08.13								
KZT	26 600 000	2,85	0	0,00	269 000	11	0	0,00
USD	4 000	1,75	0	0,00	2 047 520	0,07	9 086	2,08
EURO	0	0,00	0	0,00	12 000	0,07	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	2 635 000	5,90	0	0,00
02.09.13-06.09.13								
KZT	23 400 000	2,58	750 000	6,00	0	0	0	0,00
USD	45 000	0,06	0	0,00	2 517 987	0,23	2 068	0,32
EURO	0	0,00	0	0,00	410 750	0,08	500 000	0,19
RUR	0	0,00	0	0,00	4 116 000	5,65	0	0,00
09.09.13-13.09.13								
KZT	26 800 000	0,80	0	0,00	0	0	0	0,00
USD	28 000	0,07	25 000	0,10	2 009 827	0,07	1 700	0,12
EURO	0	0,00	0	0,00	0	0,00	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	2 808 000	5,69	100 000	7,30


*- валюта мың бірлігі



1.1. Биржадан тыс банкаралық валюталық операциялар (сату)

Кезеңдер, валютаның түрлері	Мәмілелердің жалпы көлемі (валюта мың бірлігі)	оның ішінде резидент банктер		Орташа алынған мәміле бағамы, бір валюта үшін теңгемен	оның ішінде: резидент банктер
		(валюта мың бірлігі)	%*		
19.08.13-23.08.13 USD RUB EUR	646 650 52 783 10 495	311 900 43 200 10 495	48,2 81,8 100,0	152,46 4,63 204,02	152,46 4,63 204,02
23.08.13-30.08.13 USD RUB EUR	578 409 10 587 4 971	418 590 10 500 4 971	72,4 99,2 100,0	152,49 4,62 203,55	152,47 4,62 203,55
02.09.13-06.09.13 USD RUB EUR	390 781 36 400 3 121	247 710 36 400 3 121	63,4 100,0 100,0	153,09 4,59 202,29	153,12 4,59 202,29
09.09.13-13.09.13 USD RUB EUR	513 102 50 400 2 104	329 730 50 400 1 904	64,3 100,0 90,5	153,40 4,67 203,11	153,39 4,67 203,05

*резидент банктер мәмілелерінің жалпы мәмілелер көлеміне үлес салмағы



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2013 жылғы 26 шілде

№ 182

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына шектеулі ықпал ету шараларын қолдану қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына шектеулі ықпал ету шараларын қолдану қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

** Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылғы 11 қыркүйекте № 8696 тіркелген*

*Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына
шектеулі ықпал ету шараларын қолдану
қағидалары*

Осы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына шектеулі ықпал ету шараларын қолдану қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына шектеулі ықпал ету шараларын қолдану тәртібін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

1. Уәкілетті орган Заңның 58-бабына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына шектеулі ықпал ету шарасын қолданады.

2. Уәкілетті орган шектеулі ықпал ету шарасын мынадай факторлардың бірін немесе бірнешеуін ескере отырып қолданады:

1) тәуекел деңгейі.

Қағидалардың мақсаттары үшін тәуекел ретінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін жүзеге асыруы кезінде азаматтық, қаржылық заңнамалар және әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңнама (бұдан әрі - Қазақстан Республикасының заңнамасы) саласында белгіленген талаптарды орындамауы және (немесе) толық орындамауы нәтижесінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзушылық, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне нұқсан келтіру түріндегі жағымсыз салдардың туындауы, сондай-ақ бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жағдайының нашарлау ықтималдығы түсініледі;

2) таңдалған ықпал ету шарасын қолдану нәтижесінде жағдайды түзету қабілеті;

3) таңдалған ықпал ету шарасын қолдану нәтижесінде жағдайды түзету қабілеті;

4) бұзушылықтың жиілігі мен ұзақтығы;

5) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлерінің жол берілген бұзушылық туралы хабардар болуы;

6) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының жалпы қаржылық жағдайы.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының жалпы қаржылық жағдайы есептілік деректерінің, тексеру материалдарының, аудиторлық есептердің, тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйелерінің болуы жөніндегі талаптар орындалуының, сондай-ақ бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жағдайы нашарлаған жағдайда қаржылық қолдау алу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры басшылығының акционерлермен өзара іс-әрекет жасау нәтижелерінің негізінде айқындалады.

3. Уәкілетті орган шектеулі ықпал ету шаралары ретінде мынадай шектеулі шараларды қолданады:

1) орындалуға міндетті жазбаша нұсқама береді;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлерін шеттету туралы акционерлер алдында мәселе қояды;

3) міндеттеме-хат ұсыну туралы талап жібереді;

4) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорымен, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорымен міндетті түрде қол қойылуға тиіс жазбаша келісім жасайды.

4. Уәкілетті орган қолданылған шектеулі ықпал ету шараларын есепке алуды жүргізеді.

2. Жазбаша нұсқама түріндегі шектеулі ықпал ету шарасын қолдану тәртібі

5. Уәкілетті орган бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының атына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының түзету шараларын қабылдауға жауапты лауазымды тұлғасын көрсете отырып, анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жазбаша нұсқамада белгіленген мерзімде жоюға бағытталған орындалуға міндетті түзету шараларын қабылдау туралы жазбаша нұсқама шығарады.

6. Түзету шаралары жазбаша нұсқамада көрсетіледі және салымшылардың (алушылардың) алдындағы міндеттемелерді орындау және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының анықталған бұзушылықтарын жою бойынша орындалуға міндетті шараларды білдіреді.

7. Жазбаша нұсқама бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының бірінші басшысына немесе оның орнындағы адамға жіберіледі.

3. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлерін шеттету түріндегі шектеулі ықпал ету шарасын қолдану тәртібі

8. Уәкілетті орган бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының акционерлеріне (акционеріне) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерін (қызметкерлерін) шеттету туралы мәселе қояды.

9. Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген шектеулі ықпал ету шарасын іске асыру шектеулі ықпал ету шарасының қабылданғаны туралы хабарлай отырып және мыналарды талап ете отырып, уәкілетті органның бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басқару органына хат жіберуі арқылы жүзеге асырылады:

1) уәкілетті органға күн тәртібіне бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерін (қызметкерлерін) атқарып отырған лауазымынан (лауазымдарынан) шеттету туралы мәселені қарау енгізілген бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетін күн туралы мәліметтер ұсыну;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының акционерін (акционерлерін) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерін (қызметкерлерін) атқарып отырған лауазымынан (лауазымдарынан) шеттету туралы мәселені қарау қажеттілігі туралы хабардар ету.

10. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басқару органы уәкілетті органға мыналар туралы ақпаратты жазбаша түрде жібереді:

1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің тиісті жалпы жиналысын өткізу күні туралы - уәкілетті органның хатын алған күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерін (қызметкерлерін) шеттету туралы мәселе бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің жалпы жиналысы (жалғыз акционері) қабылдаған шешім туралы - осындай шешім қабылданған күннен кейін күнтізбелік бес күн ішінде;

3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің жалпы жиналысы (жалғыз акционері) шешімінің орындалғаны туралы - растайтын құжаттарды қоса бере отырып, осындай шешім қабылданған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде.

4. Міндеттеме-хат талап ету түріндегі шектеулі ықпал ету шарасын қолдану тәртібі

11. Уәкілетті орган бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына орын алған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды тану фактісі, сондай-ақ жоспарланған іс-шаралар тізбесін көрсете отырып, оларды белгілі мерзімдерде жою және (немесе) алдағы уақытта осындай Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды болдырмау бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры басшылығының кепілдігі камтылатын міндеттеме-хат беру туралы талап жолдайды.

12. Уәкілетті органның міндеттеме-хат ұсыну туралы талап етуі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының қызметінде кемшіліктер және (немесе) бұзушылықтар болған, оларды жою және (немесе) алдағы уақытта болдырмау өздеріне тиісті міндеттемелер алатын тұлғалар тарапынан түзету шараларын қабылдау жолымен объективті түрде мүмкін болатын жағдайларда қолданылады.

13. Міндеттеме-хат ұсыну туралы талап ету мынадай жағдайлардың бірі болған кезде жеткілікті ықпал ету шарасы болып табылады:

1) өзіне тиісті міндеттеме қабылдаған тұлға оның орындалуын қамтамасыз етуге ниетті және қабілетті болса;

2) міндеттемеде уәкілетті орган бұзушылықты жою және (немесе) оны алдағы уақытта болдырмау үшін жеткілікті деп таныған шаралардың нақты құрамы және оларды жүзеге асыру мерзімдері қамтылса.

5. Жазбаша келісім жасау түріндегі шектеулі ықпал ету шарасын қолдану тәртібі

14. Уәкілетті орган бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорымен немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорымен анықталған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою және осы бұзушылықтарды жою бойынша бірінші кезектегі шараларды бекіту қажеттілігі туралы жазбаша келісім жасайды.

15. Жазбаша келісімде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басқару органы және (немесе) атқарушы органы түзету шаралары ретінде қабылдайтын Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою бойынша іс-әрекеттер және олардың орындалу мерзімдері көрсетіледі.

16. Бірінші кезектегі шараларды бекіту кезінде сондай-ақ жазбаша келісімге мыналарға:

1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының тәуекелдерін төмендетуге;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жағдайының нашарлауына әкеп соқтыратын іс-әрекеттер жасамау, сондай-ақ көрсетілген тұлғалардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және (немесе) уәкілетті орган қолданған шектеулі ықпал ету шараларын қайталап бұзушылық жасамау бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының міндеттемесін белгілеуге бағытталған талаптар енгізіледі.

17. Жазбаша келісімге қол қойған тұлға (тұлғалар) өзіне оның талаптарын орындау міндеттемелерін алады.

18. Жазбаша келісім әр тарап үшін заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілінде жасалады.

Уәкілетті орган қол қойған жазбаша келісімнің даналары ілеспе хатпен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының атына жіберіледі.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры жазбаша келісімге қол қояды және оны алған күннен кейін бес жұмыс күн ішінде уәкілетті органға қол қойылған мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі бір-бір данадан ұсынады.

6. Қорытынды ережелер

19. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры уәкілетті органды осы шектеулі ықпал ету шарасымен көзделген мерзімде шектеулі ықпал ету шарасының орындалғаны туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

20. Егер уәкілетті орган қолданған шектеулі ықпал ету шарасымен жоспарланған іс-шаралар тізбесін ұсыну көзделген болса, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры уәкілетті органның шектеулі ықпал ету шарасын қолдану туралы хабарламасында көрсетілген және күнтізбелік он бес күннен кем болмайтын мерзімде уәкілетті органға жоспарланған іс-шаралардың орындалу мерзімдерін және түзету шараларын қабылдауға жауапты лауазымды тұлғаларды көрсете отырып, анықталған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою және (немесе) оларды алдағы уақытта болдырмау бойынша жоспарланған іс-шаралар тізбесін ұсынады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры ұсынатын жоспарланған іс-шаралар тізбесі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының

басқару органымен бекітілуге тиіс.

21. Уәкілетті орган ұсынылған жоспарланған іс-шаралар тізбесін қарайды.

Уәкілетті орган жоспарланған іс-шаралар тізбесімен келіспеген жағдайда жоспарланған іс-шаралар тізбесіне ескертулері бар хат жібереді, оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры жояды. Түзетілген жоспарланған іс-шаралар тізбесі уәкілетті органның хаты алынған күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде уәкілетті органға ұсынылады.

22. Уәкілетті органға жоспарланған іс-шаралар тізбесі ұсынылған жағдайда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры уәкілетті органды жоспарланған іс-шаралардың орындалуы туралы олардың орындалуы жоспарланған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2013 жылғы 26 шілде

№ 184

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті жүзеге асыру
қағидаларын бекіту туралы

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі, «Инвестициялық қорлар туралы» 2004 жылғы 7 шілдедегі, «Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы» 2006 жылғы 20 ақпандағы, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры соңғы жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін және міндеттемелерін қабылдау-өткізу актісіне қол қойған күнге дейін кастодиандар жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтеріне қатысты бағалы қағаздар нарығындағы кастодиандық қызметті жүзеге асыру кезінде «Бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 5 тамыздағы № 191 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5796 тіркелген) талаптарын басшылыққа алады.

** Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылғы 10 қыркүйекте № 8692 тіркелген*

*Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті жүзеге асыру
қағидалары*

Осы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім), «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі (бұдан әрі - Бағалы қағаздар нарығы туралы заң), «Инвестициялық қорлар туралы» 2004 жылғы 7 шілдедегі (бұдан әрі - Инвестициялық қорлар туралы заң), «Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы» 2006 жылғы 20 ақпандағы, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы (бұдан әрі - Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң) Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті жүзеге асыру талаптары мен тәртібін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) кастодиан - қаржы құралдары мен ақшаны есепке алуды, солар бойынша құқықтарды растауды, олардың сақталуы жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдай отырып, құжаттық қаржы құралдарын сақтауды және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк);

2) кастодиандық шарт - кастодиан және оның клиенті жасайтын клиенттің активтерін жауапты сақтау және есепке алу туралы шарт;

3) кастодианның ішкі құжаттары - кастодиан, оның органдары, құрылымдық бөлімшелері (филиалдары, өкілдіктері), қызметкерлері қызметінің талаптары мен тәртібін, қызмет көрсету және оларға ақы төлеу тәртібін реттейтін кастодианның құжаттары;

4) клиенттің активтері - жеке және заңды тұлғаларға тиесілі немесе кастодиандық қызметке берілген инвестициялық пай қорын құрайтын активтердің жиынтығы;

5) уәкілетті орган - қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органы.

2. Кастодиан бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, кастодиандық шартқа және кастодианның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

3. Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 73-бабының 3-тармағында, Инвестициялық қорлар туралы заңның 8-бабының 2-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, кастодиан өз клиентінің үлестес тұлғасы болып табылмайды.

Осы тармақтың талабы Ұлттық Банкке қолданылмайды.

4. Кастодианның бас офисінің үй-жайларында және оның кастодиандық қызметті жүзеге асыратын филиалдарында, клиенттер үшін қол жетімді орындарда бағалы қағаздар нарығында және сейфтік операцияларға (құжаттық нысанда шығарылған бағалы қағаздарды, сейфтік жәшіктерді, шкафтар мен үй-жайларды, сондай-ақ құжаттар тізбесін қоса отырып, құжаттарды және құндылықтарды сақтау бойынша қызметтер) кастодиандық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның нотариатта куәландырылған көшірмесі, сондай-ақ кастодиан клиенттің бірінші талабы бойынша осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес танысу үшін ұсынатын құжаттар тізбесі орналастырылады.

5. Кастодиан клиенттің алғашқы талап етуі бойынша клиенттің талап етуді (сұратуды) алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оған танысу үшін мыналарды:

1) Қағидалардың және бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметін жүзеге асыруды реттейтін уәкілетті органның өзге де нормативтік құқықтық актілерінің көшірмелерін;

2) кастодианның бірінші басшысы немесе оның орнындағы тұлға қол қойған және кастодиан мөрінің

танбасымен расталған ішкі құжаттардың көшірмелерін;

3) кастодианның соңғы есепті кезеңде қаржылық есептілігін;

4) пруденциалдық нормативтерді сақтау жөніндегі мәліметтерді;

5) қатарынан соңғы он екі ай ішінде осы кастодианға және (немесе) оның басшы қызметкерлеріне уәкілетті орган қолданған шектеулі ықпал ету шаралары мен санкциялар туралы мәліметтерді ұсынады.

6. Клиенттерге осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген құжаттардың көшірмелерін бергені үшін кастодиан оларды дайындауға (қалыптастыруға) кеткен шығындар шамасынан аспайтын мөлшерде төлем алады.

7. Бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті қаржы нарығындағы өзге де қызмет түрлерімен қоса атқаратын екінші деңгейдегі банк (бұдан әрі - банк) мыналарды:

1) банктің ұйымдық құрылымында кастодиандық қызметті жүзеге асыратын жекелеген бөлімшенің (бөлімшелердің) болуын;

2) кастодиандық қызметін жүзеге асыратын бөлімшенің (бөлімшелердің) және осы бөлімшенің (бөлімшелердің) қызметкерлерінің функцияларымен және қаржы нарығында қызметтің өзге түрлеріне жатпайтын, сондай-ақ кастодиандық қызметін жүзеге асырмайтын банк бөлімшелерінің (бұдан әрі - басқа бөлімшелер) қызметкерлеріне осы бөлімшенің (бөлімшелердің) қызметкерлерінің құқықтары мен өкілеттіктерін банктің басқа бөлімшелеріне құқық беру (өкілеттік беру) міндеттерін орындамауын болдырмау;

3) кастодиандық қызметті жүзеге асыратын бөлімшенің (бөлімшелердің) жекелеген үй-жайларының болуын;

4) кастодиандық қызметті жүзеге асыратын бөлімше (бөлімшелер) орналасқан үй-жайларда реттелетін кіру жүйелерінің болуын;

5) кастодиандық қызметті жүзеге асыратын бөлімшеде (бөлімшелерде) банктің басқа бөлімшелерінің есепке алу және құжат айналымы жүйелерінен бөлек есепке алу және құжат айналымы жүйелерінің болуын;

6) банктің басқа бөлімшелері қызметкерлерінің кастодиандық қызметті жүзеге асыратын банк бөлімшесінің (бөлімшелерінің) құжаттамаларына және бағдарламалық-техникалық кешендеріне (оның ішінде деректердің электрондық массивтеріне) кіруіне жол бермеуді;

7) басшы қызметкерлер мен қызметкерлердің кастодиандық қызметті жүзеге асыратын банк бөлімшесінде (бөлімшелердің) болатын (олар өздерінің лауазымына немесе оларға берілген құқықтар мен өкілеттіктеріне орай алуға рұқсаты бар) ақпаратты банктің басқа бөлімшелерінің қызметкерлеріне бермеуін қамтамасыз етеді.

8. Қағидалардың 7-тармағы 6) және 7) тармақшаларының талаптары басшы қызметкерлер мен қызметкерлердің кастодиандық қызметті жүзеге асыратын банк бөлімшесінде (бөлімшелердің) болатын (олар өздерінің лауазымдарына немесе оларға берілген құқықтар мен өкілеттіктеріне орай алуға рұқсаты бар) ақпаратты функцияларына банктегі ішкі аудитті және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің, ішкі ережелерінің және банк процедураларының талаптарына сәйкес келуіне ішкі бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру кіретін банк қызметкерлеріне беру жағдайларына қолданылмайды.

2. Кастодиандық шарт

9. Кастодиандық шарт кастодиан мен клиенттің арасында жазбаша нысанда жасалады.

Арнайы қаржы компаниясының белгіленген активтері бойынша бос түсімдерді инвестициялау кезде басқаруында арнайы қаржы компаниясының белгіленген активтері бар арнайы қаржы компаниясының және инвестициялық портфельді басқарушы арасында кастодиандық шарт (бұдан әрі - арнайы қаржы компанияның инвестициялық портфелі).

10. Кастодиан резиденттік белгісі бойынша клиентпен кастодиандық шарт жасасудан бас тартпайды.

11. Кастодиандық шартта кастодиан ерікті жинақтаушы зейнетақы қормен немесе арнайы қаржы компаниясымен немесе арнайы қаржы компаниясымен және арнайы қаржы компанияның инвестициялық портфельді басқарушысымен жасалатын кастодиандық шартты қоспағанда, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 75-бабының 3-тармағында белгіленген оның мазмұнына қойылатын талаптардан басқа мыналар қамтылады:

1) кастодианның бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны, сондай-ақ кастодианның

клиенттен немесе клиенттің шоттарын басқаруға өкілеттігі бар ұйымнан кастодианның осы Қағидалардың 22-тармағының 8) тармақшасында көзделген функцияларын орындау үшін қажетті құжаттарды алу құқығы;

2) кастодианның клиент алдындағы есептілігінің нысаны мен кезеңділігі;

3) клиентке активтерді қайтару не клиенттің активтерін жаңа кастодианға тапсыру тәртібі;

4) салыстырып тексеруді жүргізу тәртібі мен кезеңділігі;

5) тараптардың біреуінің бастамасы бойынша және (немесе) уәкілетті органның кастодиандық қызметті жүзеге асыруға берген кастодиан лицензиясының қолданысы тоқтатылған кезде кастодиандық шартын бұзу тәртібі мен талаптары;

6) уәкілетті органға нақты болуын және сақталатын резервтік көшірмесінің мазмұнын тексеруге мүмкіндік беретін шарттар;

7) кастодианның кастодиандық қызметін реттейтін ішкі құжаттарымен танысқаны туралы клиенттің белгісі;

8) кастодианның ішкі құжаттарына сәйкес өзге де ережелер.

Осы тармақтың 3), 5) және 7) тармақшаларының талаптары кастодиан мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының арасында жасалған кастодиандық шарттың мазмұнына қолданылмайды.

12. Кастодиан кастодиандық қызметтерді көрсету тарифтерінің өзгергені туралы клиенттерді кастодиандық шартта белгіленген тәртіппен олар қолданысқа енгізілу күніне дейінгі күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей хабардар етеді.

13. Кастодиандық шарттың қолданыста болуының барлық мерзімі ішінде кастодиан клиенттеріне:

1) оның пруденциалдық нормативтерді сақтамау фактілері туралы;

2) бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру (жаңарту), сондай-ақ одан айырылуы туралы;

3) бұйрықты берген клиенттің бұйрығы (тапсырмасы) бойынша қаржы құралдармен жасалған мәмілелерді тіркеу (кастодианның есепке алу жүйесінде операциялар жүргізу) барысында мүдделер қайшылығының туындау фактілері туралы;

4) клиенттің активтерімен мәмілелерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулер мен ерекше талаптар туралы;

5) клиенттің бұйрығында көрсетілген тапсырмасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмеуі туралы хабарлайды.

14. Осы Қағидалардың 13-тармағында көзделген хабарламалар жазбаша түрде ресімделеді және клиенттерге осындай хабарламаны жіберу үшін негіздеме туындаған күннен келесі күннен кейін жұмыс күнінен кешіктірмей кастодиандық шартта және кастодианның ішкі құжаттарында айқындалған байланыстың факсимильдік, телекстік немесе өзге де мүмкін болатын түрімен жіберіледі және кастодианның жіберілетін хат-хабарлар журналдарында тіркеледі.

15. Кастодиандық шартты бұзудың бастамашысы:

1) кастодиан ерікті жинақтаушы зейнетақы қормен жасалатын кастодиандық шарттың екінші тарапқа оларды бұзудың белгіленген күніне дейінгі күнтізбелік жиырма күн бұрын;

2) арнайы қаржы компаниясымен немесе арнайы қаржы компаниясымен және арнайы қаржы компанияның инвестициялық портфельді басқарушысымен жасалатын кастодиандық шарттардың екінші тарапқа оларды бұзудың белгіленген күніне дейінгі күнтізбелік отыз күн бұрын хабардар етеді.

Өзге де кастодиандық шарттарды бұзудың бастамашысы шарттың екінші тарапына кастодиандық шартта белгіленген мерзімде хабардар етеді.

16. Кастодиандық шартты бұзудың белгіленген күн басталғанға дейін кастодиандық шартта және кастодианның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен клиенттердің активтерін кастодиан клиентке немесе жаңа кастодианға немесе басқа номиналды ұстаушысына немесе тіркеушіге тапсырады.

17. Кастодиандық шарт бұзылған кезде кастодиан клиенттердің активтерін тапсырғанға дейін кастодиандық шарт бойынша міндеттемелерін орындайды.

3. Кастодиандық қызмет

18. Кастодиан клиенттердің активтері кастодианның кастодиандық қызмет көрсетуіне нақты берілген және кастодианның есепке алу жүйесінде ашылған клиенттің шотына есепке алынған сәттен бастап олардың сақталуына, шынайы және актуалды есепке алуға жауапты болады.

19. Кастодиан өзіне сеніп тапсырылған клиенттердің активтерін өз мүдделеріне, өзінің үлестес тұлғаларының мүдделеріне пайдаланбайды, оның ішінде олармен өз міндеттемелері бойынша және өзінің үлестес тұлғаларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді, кепілге бермейді және көрсетілген активтерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген іс-әрекеттер жасамайды.

20. Кастодиан өз функцияларын іске асыру мақсатында:

1) кастодиандық қызмет көрсетуге берілген эмиссиялық бағалы қағаздардың номиналды ұсталуын жүзеге асырады;

2) кастодиандық қызмет көрсетуге берілген активтердің есебін жүргізуді және сақталуын, сондай-ақ мәмілелер жасау кезінде олардың бар болуын қамтамасыз етеді;

3) кастодиндық қызмет көрсетуге берілген эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдармен жасалған мәмілелер бойынша төлем агентінің қызметін көрсетеді;

4) клиенттің эмиссиялық бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелерді тіркейді және осындай бағалы қағаздар бойынша оның құқығын растайды;

5) кастодиандық қызмет көрсетуге берілген клиенттердің эмиссиялық бағалы қағаздары мен өзге де активтері бойынша кірістер алады және оларды клиенттердің шоттарына есепке алады;

6) меншікті активтерге қатысты клиенттер активтерінің жеке сақталуын және есепке алынуын қамтамасыз етеді;

7) Қағидалардың 4-бөлімінде белгіленген клиенттердің эмиссиялық бағалы қағаздары мен өзге де активтерінің шоттарын жүргізу және есепке алу технологиясын сақтайды;

8) өз клиенттерінің активтерімен жасалған мәмілелердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келуіне, оның ішінде Қағидалардың 24, 25, 26-тармақтарында белгіленген тәртіппен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін, инвестициялық қорлардың активтерін және арнайы қаржы компаниясының активтерін мақсатты орналастыруына (пайдалануына) бақылау жасайды;

9) клиенттерге тұрақты негізде және алғашқы талап етуі бойынша олардың шоттарының жай-күйі туралы есептілікті береді;

10) кастодианның есепке алу жүйесінде клиенттерге ашылған шоттардағы клиенттердің активтері туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді және бағалы қағаздар эмитенттерінің, тіркеушінің және орталық депозитарийдің тапсырмасы бойынша клиенттерге ақпарат береді;

11) уәкілетті орган сұрататын ақпаратты береді;

12) кастодиандық шартта көзделген қызметтерді көрсетеді.

21. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін сақтау және есепке алу функцияларын іске асыру мақсатында кастодиан мыналарды жүзеге асырады:

1) зейнетақы активтерін жинақтау, оларды орналастыру, сондай-ақ инвестициялық кіріс алу бойынша операцияларды есепке алу;

2) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын ақшаны есепке алу және сақтауға арналған оның шоттарының жай-күйі туралы, сондай-ақ Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша шоттар бойынша есепті кезеңдегі ақша қозғалысы туралы кастодиандық шартта көзделген тәртіппен және мерзімде ай сайын хабардар ету;

3) Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына беру үшін, оның ішінде Қағидалардың 36-тармағына сәйкес салыстырып тексеру үшін ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің құрылымы туралы есепті кастодиандық шартта көзделген тәртіппен және мерзімде ай сайын жасау;

4) ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры алған комиссиялық сыйақы сомаларына бақылау жүргізу;

5) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің мақсатты орналастырылуына (пайдаланылуына) бақылау жүргізу.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері құрылымының Қазақстан Республикасы заңнамасының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясы және зейнетақы қағидаларының талаптарына сәйкес келмейтінін анықтаған жағдайда, кастодиан сәйкессіздік анықталған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы уәкілетті органға және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына хабарлайды.

22. Инвестициялық қордың активтерін сақтау және есепке алу функцияларын іске асыру мақсатында кастодиан мыналарды жүзеге асырады:

1) инвестициялық қордың акциялары мен пайларын орналастыру және сатып алу, инвестициялық кіріс алу бойынша барлық операцияларды, сондай-ақ инвестициялық қордың активтерін инвестициялық

басқаруға байланысты операциялар бойынша есептерді есепке алу;

2) инвестициялық портфельді басқарушысын ақшаны есепке алу және сақтауға арналған инвестициялық қор шоттарының жай-күйі туралы, сондай-ақ нысан бойынша шоттар бойынша есепті кезеңдегі ақша қозғалысы туралы кастодианның ішкі құжаттарында және кастодиандық шартта көзделген тәртіппен және мерзімде ай сайын хабардар ету;

3) басқаруында инвестициялық қор активтері болатын инвестициялық портфельді басқарушысына (бұдан әрі инвестициялық қордың инвестициялық портфелін басқарушы) беру үшін, оның ішінде Қағидалардың 36-тармағына сәйкес салыстырып тексеру үшін кастодианның ішкі құжаттарында анықталған нысан бойынша инвестициялық қор активтерінің құрылымы туралы есепті кастодиандық шартта көзделген тәртіппен және мерзімде ай сайын жасау;

4) инвестициялық қордың активтері есебінен, оның ішінде инвестициялық қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін тұлғаларға комиссиялық сыйақылар бойынша орындалуға тиісті міндеттемелерді есепке алу;

5) инвестициялық қордың активтері құрамының Қазақстан Республикасы заңнамасының, акционерлік инвестициялық қорының инвестициялық декларациясының, инвестициялық пай қоры қағидаларының талаптарына сәйкес келуіне бақылау жүргізу;

6) инвестициялық қор активтерінің құнын, қозғалысын және құрамын есепке алу, сондай-ақ пайларды кейіннен орналастыру немесе сатып алу кезіндегі құнын есептеу.

Кастодиан инвестициялық қордың активтері құрылымының (құрамының) Қазақстан Республикасы заңнамасының, акционерлік инвестициялық қордың инвестициялық декларациясы және инвестициялық пай қорының қағидалары талаптарына сәйкес келмейтінін анықтаған жағдайда сәйкессіздік анықталған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы уәкілетті органға және инвестициялық портфельді басқарушысына хабарлайды.

23. Арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтерін сақтау және есепке алу функцияларын іске асыру мақсатында кастодиан мыналарды жүзеге асырады:

1) инвестициялық кіріс алғаннан кейін арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтерімен жасалған операцияларды есепке алу;

2) арнайы қаржы компаниясының инвестициялық портфельді басқарушысына нысан бойынша шоттардың жай-күйі туралы кастодианның ішкі құжаттарында және кастодиандық шартта көзделген тәртіппен және мерзімде ай сайын хабардар ету;

3) арнайы қаржы компаниясына нысан бойынша оның шоттарының жай-күйі туралы кастодианның ішкі құжаттарында және кастодиандық шартта көзделген тәртіппен және мерзімде ай сайын хабардар ету;

4) арнайы қаржы компаниясының активтерін Қазақстан Республикасы заңнамасының және арнайы қаржы компаниясы мен инвестициялық портфельді басқарушысының арасында жасалған инвестициялық портфельді басқару шартының талаптарына сәйкес мақсатты орналастырылуына бақылауды жүргізу;

5) арнайы қаржы компаниясы активтерінің құнын, қозғалысын және құрамын есепке алу.

Арнайы қаржы компаниясының активтері құрылымының (құрамының) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, арнайы қаржы компаниясы мен инвестициялық портфельді басқарушысының арасында жасалған инвестициялық портфельді басқару шартының талаптарына сәйкес келмейтінін анықтаған жағдайда, кастодиан сәйкессіздік анықталған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы уәкілетті органға, арнайы қаржы компаниясына және арнайы қаржы компаниясының инвестициялық портфелін басқарушысына хабарлайды.

24. Кастодиан ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры активтерінің мақсатты орналастырылуына (пайдаланылуына) бақылауды кастодианның есепке алу жүйесінде ашылған шоттар бойынша операциялар жүргізуге ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры ұсынған құжаттары мен бұйрықтарын (тапсырмаларын):

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында;

2) инвестициялық декларацияда;

3) зейнетақы қағидаларында;

4) уәкілетті орган қолданған, зейнетақы активтеріне қатысты ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық қызметін шектеуге бағытталған шектеулі ықпал ету шараларында немесе ертерек ден қою шараларында белгіленген талаптарға сәйкес келуін тексеру арқылы жүзеге асырады.

25. Кастодиан инвестициялық қор активтерінің мақсатты орналастырылуына (пайдаланылуына)

бақылауды инвестициялық қор активтерін қатыстыра отырып, жасалған мәмілелер бойынша құжаттардың және кастодианның есепке алу жүйесінде ашылған шоттар бойынша операциялар жүргізуге инвестициялық қордың инвестициялық портфелін басқарушысы ұсынған бұйрықтарының (тапсырмаларының):

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында;
- 2) инвестициялық декларацияда (инвестициялық қордың активтеріне қатысты);
- 3) инвестициялық пай қорларының қағидаларында;

4) уәкілетті орган қолданған, инвестициялық қордың активтеріне қатысты инвестициялық қордың инвестициялық портфелін басқарушысының инвестициялық қызметін шектеуге бағытталған шектеулі ықпал ету шараларында немесе ертерек ден қою шараларында белгіленген талаптарға сәйкес келуін тексеру арқылы жүзеге асырады.

26. Кастодиан арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтерінің мақсатты орналастырылуына (пайдаланылуына) бақылауды кастодианның есепке алу жүйесінде ашылған шоттар бойынша операциялар жүргізуге арнайы қаржы компаниясының инвестициялық портфелін басқарушысы не арнайы қаржы компаниясы ұсынған құжаттары мен бұйрықтарының (тапсырмаларының):

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында;
- 2) арнайы қаржы компаниясы мен инвестициялық портфельді басқарушысы арасында жасалған инвестициялық портфельді басқару шартында;

3) уәкілетті орган қолданған, арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтеріне қатысты инвестициялық қызметін шектеуге бағытталған шектеулі ықпал ету шараларында немесе ертерек ден қою шараларында белгіленген талаптарға сәйкес келуін тексеру арқылы жүзеге асырады.

27. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің, инвестициялық қорлар активтерінің және арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтерінің мақсатты орналастырылуына (пайдаланылуына) бақылау жасау функциясын орындау шеңберінде кастодиан кастодианның есепке алу жүйесінде ашылған шоттар бойынша көрсетілген активтер есебінен операция жүргізуге алынған бұйрық Қағидалардың 24, 25 және 26-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде операцияны (орындалуды) тіркейді және осы бұйрықты (осы тапсырманы) берген тұлғаға тиісті бұйрықтың (тапсырманың) орындалуы туралы есепті жібереді.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген есепті жіберу қор биржасының сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелер бойынша талап етілмейді.

28. Кастодиан бұйрықтың (тапсырманың) Қағидалардың 24, 25 және 26-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтінін анықтаған жағдайда кастодиан бұйрықты (тапсырманы) тоқтатқан күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы уәкілетті органды, өзінің клиентін және бұйрықты (тапсырманы) берген тұлғаны хабардар етумен, кастодиан осы бұйрықты (осы тапсырманы) тоқтатады (орындамайды).

29. Кастодиан Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 59-бабының 1-тармағында белгіленген функцияларды жүзеге асыратын шетел ұйымында (бұдан әрі - шетелдік номиналды ұстаушы) сақтауда тұрған клиенттердің эмиссиялық бағалы қағаздарының және өзге қаржы құралдарының сақталуын және дәйекті есепке алынуын кастодиан мен шетелдік номиналды ұстаушының арасында жасалған тиісті шарттың негізінде қамтамасыз етеді, сондай-ақ жүргізілген операциялардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келу мәніне бақылау жасайды.

30. Кастодиан эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдармен мәмілелерді тіркеуді, бағалы қағаздар ұстаушысының жеке шотынан үзінді-көшірмелер беруді және ақпаратты ашуды, сондай-ақ номиналды ұстаушының функцияларын жүзеге асыру шеңберінде кастодианның есепке алу жүйесінде өзге операцияларды жүргізуді Бағалы қағаздар нарығы туралы заңда, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы № 61 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4138 тіркелген) бекітілген Номиналды ұстау қызметін көрсететін бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу, олардың бағалы қағаздар ұстаушысының жеке шотынан үзінді көшірмені беру және номиналды ұстаушының ақпаратты ашу ережесінде (бұдан әрі - № 61 ереже) және Қағидаларда белгіленген тәртіппен және талаптарда жүзеге асырады.

4. Клиенттердің активтерін есепке алуды ұйымдастыру

31. Клиенттердің активтерімен жасалатын операцияларды есепке алу, сондай-ақ олар бойынша кірістер алу және оларды бөлу Қазақстан Республикасының заңнамасына және кастодианның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

32. Кастодианның ішкі есеп жүргізу жүйесіндегі оның клиенттерінің активтері баланстық және баланстан тыс шоттарында есепке алынады.

33. Кастодиан әрбір клиентке оның активтерінің есебін жүргізуге арналған жеке шот ашады және кастодианды есепке алу жүйесінде ашылған клиент шотының шегінде қосалқы шоттар ашу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Кастодиандық қызмет көрсетуге берілген шетелдік бағалы қағаздардың есебін жүргізу мақсаттары үшін кастодианның есеп жүргізу жүйесінде бағалы қағаздар нарығында номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шотын жүргізу құқығы бар брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның әрбір клиентіне (бұдан әрі - бірінші санаттағы брокер) осы бірінші санаттағы брокерге ашылған жеке шоттың шеңберінде осы клиентке тиесілі шетелдік бағалы қағаздарын есепке алу үшін жеке баланстан тыс шот ашылады.

Кастодиандық қызмет көрсетуге берілген ақшаны, бағалы қағаздарды және өзге де активтерді есепке алу мақсаттары үшін кастодиан инвестициялық портфельді басқарушының әрбір клиентіне инвестициялық портфельді басқарушыны көрсете отырып ақшаны есепке алуға арналған жеке банк шоты және бағалы қағаздар мен өзге қаржы құралдарын (ақшаны қоспағанда), сондай-ақ өзге активтерді есепке алуға арналған баланстан тыс шот ашылады.

Арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтерінің есепке алу мақсаттары үшін кастодиан арнайы қаржы компаниясына бағалы қағаздар мен өзге қаржы құралдарын (ақшаны қоспағанда) есепке алуға арналған жеке баланстан тыс шотты және ақшаны есепке алуға арналған банк шотын ашады.

34. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін сақтау және есепке алу қызметтерін көрсететін кастодиан мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) Standard&Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе Moody's Investors Service, Fitch агенттіктерінің (бұдан әрі - басқа рейтингілік агенттіктер) осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі, немесе Standard&Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар не Standard&Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банкінің Қазақстан Республикасының резиденті еншілес банкі болып табылады;

2) халықаралық депозитарлық-есеп айырысу жүйелеріне (Euroclear және Clearstream International түріндегі) мынадай түрдегі:

тікелей қол жетімділігі;

бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызмет көрсететін және көрсетілген жүйелерге тікелей қол жетімділігі бар шетелдік номиналды ұстаушымен кастодиандық шарт жасасу арқылы;

орталық депозитарий көрсететін қызметтерді пайдалану арқылы қол жетімділігі бар.

35. Кастодианның ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін, инвестициялық қорлардың активтері, арнайы қаржы компанияларының бөлінген активтерін, сондай-ақ мемлекеттік бағалы қағаздарды және олармен жасалған мәмілелерді есепке алу ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамасында, кастодианды шарттарда және кастодианның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

36. Кастодиан оған кастодиандық қызмет көрсетуге берілген клиенттердің активтерін актуалды есепке алуды қамтамасыз ету мақсатында айына кем дегенде бір рет өзінің клиенттерінің ақшасын, қаржы құралдарын және өзге активтерін есепке алу жүйесінің деректерін бірінші санаттағы брокер-дилердің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының, орталық депозитарийдің, сондай-ақ шетелдік номиналды ұстаушының деректеріне сәйкестігін салыстырып тексереді.

37. Кастодианды есепке алу жүйесінің деректерін орталық депозитарийдің деректерімен салыстырып тексеру орталық депозитарий ережелерінің жинағына сәйкес жүзеге асырылады.

38. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін, сондай-ақ кастодиандық қызмет көрсетуге берілген, арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтерін салыстырып тексерудің

ерекшеліктері кастодианды шартпен белгіленеді.

39. Кастодианның есепке алу жүйесінің деректерін бірінші санаттағы брокердің, инвестициялық портфельді басқарушының деректерімен салыстырып тексеру мынадай мәліметтерді қамтитын салыстырып тексеру актісін жасау арқылы жүзеге асырылады:

1) деректерді салыстырып тексеру актісі жасалған күн, салыстырып тексеру жүзеге асырылатын кезең;

2) салыстырып тексеру актісі жасалған күнгі жағдай бойынша кастодианның есепке алу жүйесінде ашылған шоттардағы (қосалқы шоттардағы) активтердің қалдығы туралы ақпарат;

3) салыстырып тексеру жүзеге асырылатын кезең ішінде кастодианның есепке алу жүйесінде ашылған шоттар (қосалқы шоттар) бойынша, оның ішінде салыстырып тексеру күнінде шетелдік номиналды ұстаушыда болған активтер бойынша активтер қозғалысы туралы ақпарат;

4) салыстырып тексеру актісі жасалған күнге инвестициялық қордың активтері құрамына кіретін ақша және қаржы құралдарынан басқа активтердің қалдықтары және салыстырып тексеру жүзеге асырылатын кезеңде осы активтермен жасалған мәмілелер (операциялар) туралы ақпарат.

Деректерді салыстырып тексеру актісі екі данада жасалады, оған салыстырып тексеруді жүзеге асыратын тараптардың өкілдері қол қояды және олардың мөрлерімен расталады.

40. Кастодианның есепке алу жүйесінің деректерін шетелдік номиналды ұстаушының деректерімен салыстырып тексеру SWIFT төлем жүйелері не шетелдік кастодианмен жасасқан шартта көзделген байланыстың басқа да құралдары арқылы жүзеге асырылады және кастодианның клиенттеріне тиесілі және салыстырып тексеру жүргізілген күндегі жағдай бойынша шетелдік номиналды ұстаушының шоттарындағы қаржы құралдарының қалдықтарын кастодианның есепке алу жүйесінің деректерімен салыстырып тексеру болып табылады.

Салыстырып тексеру жүргізілген құжаттар, оның ішінде SWIFT - хабарламалар салыстырып тексеру жүргізілген күннен бастап бес жыл ішінде сақталуы тиіс.

41. Егер Қағидалардың 36-тармағына сәйкес жүзеге асырылатын салыстырып тексерудің нәтижелері бойынша алшақтықтар болған жағдайда, салыстырып тексеруді жүзеге асыратын тараптар оларды жою шараларын қабылдайды және сәйкессіздік анықталған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде бұл туралы уәкілетті органды хабардар етеді.

Қағидалардың 36-тармағына сәйкес салыстырып тексеруді жүргізу кезінде кастодиан салыстырып тексеру нәтижелерінің сәйкессіздігі туралы хабарламаны уәкілетті органға жібереді.

42. Кастодианның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте кастодиан № 61 ереженің 18-тармағында көзделген есепке алу журналын, сондай-ақ мыналарды:

1) кастодиан ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының, инвестициялық қорлардың және арнайы қаржы компанияларының жеке шоттары бойынша операцияларының Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) осы ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық декларацияларына мен инвестициялық қорлардың инвестициялық декларацияларына және (немесе) зейнетақы ережелеріне және (немесе) акционерлік инвестициялық қорлардың инвестициялық декларацияларына және (немесе) инвестициялық пай қорларының ережелеріне, және (немесе) арнайы қаржы компаниясы мен инвестициялық портфельді басқарушы арасында жасалған инвестициялық портфельді басқару шарттарына сәйкес келмеуі себебінен қабыл алмаған (орындамаған) операцияларын;

2) кастодиан инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін ақша және қаржы құралдарынан басқа, инвестициялық портфельді басқарушы мүлікпен жасалған мәмілелер (операциялар), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) акционерлік инвестициялық қорлардың инвестициялық декларацияларына сәйкес келмеуі себебінен қабыл алмаған (орындамаған) инвестициялық қорлардың ақша және қаржы құралдарынан басқа, мүлкімен жасалған мәмілелер (операциялар);

3) кастодианға инвестициялық қорлардың инвестициялық портфельді басқарушыларының не арнайы қаржы компанияларының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының, Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) осы ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық декларацияларына және инвестициялық қорлардың инвестициялық декларацияларына және (немесе) зейнетақы ережелеріне және (немесе) акционерлік инвестициялық қорлардың инвестициялық декларацияларына және (немесе) инвестициялық пай қорларының ережелеріне, және (немесе) арнайы қаржы компаниясы мен инвестициялық портфельді басқарушы арасында жасалған инвестициялық портфельді басқару шарттарына сәйкес келмейтін арнайы қаржы компанияларының берілген бұйрықтары (тапсырмалары) туралы уәкілетті органға жіберілген хабарламаларды есепке алу журналдарын жүргізу

арқылы дәйекті және актуалды есепке алуды (есепке алу деректерін өзгертуге негіздемелер туындаған күні) жүзеге асырады.

43. Кастодиан Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 52-бабына сәйкес бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызмет нәтижелері туралы есептерді жасайды және уәкілетті органға ұсынады.

5. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін сақтау және есепке алу

44. Ұлттық Банк бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін сақтау мен есепке алуды жүзеге асыратын кастодиан болып табылады.

45. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерімен операцияларды есепке алу Ұлттық Банк және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры арасында жасалатын кастодиандық шартқа сәйкес ашылған Ұлттық Банктегі шоттарда жүзеге асырылады.

46. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын тарату туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі;

2) кастодианның бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін сақтау және есепке алу бойынша қызметін Ұлттық Банк жүзеге асыруын көздейтін Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның талаптары өзгеруі Ұлттық Банк және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры арасында жасалған кастодиандық шартты бұзуға негіздемелер болып табылады.

47. Қағидалардың 46-тармағында көрсетілген негіздемелер бойынша кастодиандық шартты бұзу белгіленген күнге дейін кастодиан бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін жаңа кастодианға береді.

Кастодиандық шартты бұзу кезінде кастодиан бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін бергенге дейін кастодиандық шарт бойынша міндеттемелерін орындайды.

48. Кастодиан бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының шетелдік қаржы құралдары ұсынған және (немесе) шетелдік қаржы құралдарына инвестициялауға арналған зейнетақы активтерін есепке алу және сақтау мақсатында Ұлттық Банк Басқармасының шешімімен бекітілген шетелдік кастодиандар ішінен шетелдік кастодиандардан шот ашады.

49. Кастодиан бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін сақтау және есепке алу жөніндегі функцияларды іске асыру мақсатында:

1) зейнетақы активтерін құрайтын және кастодиандық қызмет көрсетуге берілген эмиссиялық бағалы қағаздарды номиналды ұстауды;

2) кастодиандық қызмет көрсетуге берілген зейнетақы активтерін құрайтын эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша төлем агентінің қызметін көрсетуді;

3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін құрайтын эмиссиялық бағалы қағаздарымен жасалатын мәмілелерді тіркеуді және оның осы бағалы қағаздар бойынша құқықтарын растауды;

4) зейнетақы активтерін жинақтау, оларды орналастыру, инвестициялық кіріс алу жөніндегі барлық операцияларды есепке алуды;

5) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын ақшаны есепке алуға және сақтауға арналған оның шоттарының жай-күйі туралы, сондай-ақ шоттары бойынша есепті кезеңдегі ақша қозғалысы туралы осы кастодиандық шартта көзделген нысанда, тәртіпте және мерзімде ай сайын хабардар етуді;

6) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің құрылымы туралы есепті сәйкес нысан бойынша кастодиандық шартта белгіленген нысанда, тәртіпте және мерзімде ай сайын ұсынуды;

7) өзіне сеніп тапсырылған бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің сақталуын және есепке алынуын қамтамасыз етуді;

8) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін нысаналы орналастыруға (пайдалануға) бақылау жасауды;

9) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры алған комиссиялық сыйақы сомаларына бақылау жасауды;

10) кастодиандық шартта көзделген қызметтерді беруді жүзеге асырады.

50. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін нысаналы орналастыруға (пайдалануға) бақылау жасауды кастодиан кастодианды есепке алу жүйесінде ашылған шоттар бойынша

операциялар жасауға ұсынылған құжаттар және бұйрықтардың (тапсырмалардың):

1) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы және бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясымен;

3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларымен;

4) зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шартпен;

5) уәкілетті орган қолданған бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтеріне қатысты инвестициялық қызметін шектеуге бағытталған шектеулі ықпал ету шараларымен немесе санкциялармен белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру арқылы және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері қатысуымен жасалған мәмілелерді мониторинг жүргізу арқылы жүзеге асырады.

51. Кастодиан бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін нысаналы орналастыруға (пайдалануға) бақылау жасау функциясын орындау шеңберінде кастодианның есепке алу жүйесінде ашылған шоттар бойынша көрсетілген активтердің есебінен операция жүргізуге алынған бұйрық осы Қағидалардың 50-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде операцияны тіркейді (орындайды) және тиісті бұйрықтың (тапсырманың) орындалуы туралы есепті осы бұйрықты (осы тапсырманы) берген тұлғаға жібереді.

Кастодиан бұйрықтың (тапсырманың) осы Қағидалардың 50-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтінін анықтаған жағдайда осы бұйрықты (берілген тапсырманы) оқшаулайды (орындамайды) және кастодиан бұйрықты (тапсырманы) оқшаулаған күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде бұл туралы уәкілетті органды, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын және бұйрық (тапсырма) берген тұлғаны тез арада хабардар етеді.

52. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерімен операцияларды есепке алу және жүргізу, сондай-ақ олар бойынша кірістерді алуға және бөлуге Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қағидаларына және кастодианның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

53. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін, сондай-ақ зейнетақы активтерін шоғырландыру, оларды орналастыру, инвестициялық табыс алу бойынша операцияларды есепке алу мақсатында кастодиан ішкі есепке алу жүйесінде мыналарды:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жинақталған зейнетақы қаражатын, жинақталған зейнетақы қаражатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларынан аударымдардың түсімдерін және өзге түсімдерді есепке алу үшін арналған зейнетақы жарналарының ағымдағы шотын теңгемен;

2) төлемдерді алушы банкке зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру және (немесе) салымшылардың жинақталған зейнетақы қаражатын ерікті зейнетақы жарналарының есебінен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодианына немесе салымшылардың жинақталған зейнетақы қаражатын сақтандыру ұйымына аударымдар жасау, сондай-ақ зейнетақы төлемдерінен ұсталған табыс салығын салық органдарына аудару үшін арналған зейнетақы төлемдерінің ағымдағы шотын теңгемен;

3) қаржы құралдары бойынша алынған кірістердің түсімдерін, қаржы құралдарын сатудан және (немесе) өтеуден түскен соманы, зейнетақы жарналарының ағымдағы шотқа түскен соманы есепке алу, шетел валютасындағы қаржы құралдарын сатып алу, салымдарға орналастыру және ұлттық валютада екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған салымдар бойынша қайтарылған соманы және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге түсімдерді және шығыстарды алу үшін арналған ағымдағы инвестициялық шотты теңгемен;

4) шетел валютасында номинирленген қаржы құралдарын сатып алуға бағытталған зейнетақы активтерінің есебінен шетел валютасын сатып алу, шетел валютасын, құны шетел валютасында көрсетілген қаржы құралдары бойынша алынған кірістердің түсімдерін сату, қаржы құралдарын өтеу, салымдарға орналастыру және екінші деңгейдегі банктерде шетел валютасында орналастырылған салымдар бойынша қайтарылған сомаларды және шетел валютасындағы өзге түсімдер мен кірістерді алу үшін арналған ағымдағы инвестициялық шотын шетел валютасында;

5) Қазақстан Республикасынан шегінен тыс жерлерге салымшылардың тұрақты тұруға кетуіне байланысты жинақталған зейнетақы қаражатын алу үшін арналған зейнетақы төлемдерінің ағымдағы шотын шетел валютасында;

6) кастодианның ішкі есепке алу жүйесінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің есебінен инвестициялау үшін рұқсат берілген бағалы қағаздарды және басқа қаржы құралдарын есепке алу және сақтау үшін шоттарды ашуды және жүргізуді жүзеге асырады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін есепке алу үшін шоттарды жүргізу режимдері кастодианның ішкі құжаттарында және кастодиандық шартта белгіленеді.

54. Кастодиан өзіне бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры кастодиандық қызмет көрсетуге берген зейнетақы активтерін өзекті есепке алуды қамтамасыз ету мақсатында айына бір реттен жиі емес өзінің зейнетақы активтерін (ақшасын, эмиссиялық бағалы қағаздарды және өзге де қаржы құралдарын) есепке алу жүйесінің деректерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, орталық депозитарийдің дерегіне, сондай-ақ бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін есепке алу және сақтау үшін шоттары ашылған шетелдік кастодиандардың деректеріне сәйкес келуін салыстырып тексеруді жүргізеді.

55. Кастодианның есепке алу жүйесінің деректерін орталық депозитарийдің деректерімен салыстырып тексеру орталық депозитарийдің қағидалар жинағына сәйкес жүзеге асырылады.

56. Кастодианның есепке алу жүйесінің деректерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, инвестициялық портфельді басқарушының деректерімен салыстырып тексеру ерекшелігі кастодиандық шартта және кастодианның ішкі құжаттарында белгіленеді.

57. Кастодиан кастодианның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте, шынайы және өзекті есепке алуды (осы есептің деректерін өзгерту үшін негіздемелер туындаған күні) жүзеге асырады:

1) № 61 қағидалардың 18-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген мәліметтер;

2) кастодиан олардың Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) инвестициялық декларацияға және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларына сәйкес келмеу себебі бойынша қабылданбаған (орындалмаған) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының шоттары бойынша операциялар;

3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының кастодианға жіберілген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін бұйрықтары (тапсырмалары) туралы уәкілетті органға жолданған хабарламалары;

4) кастодианның ішкі құжаттарымен көзделген өзге мәліметтер.

Осы тармақта көрсетілген мәліметтерді есепке алу тиісті есепке алу журналдарды құру мүмкіндігімен кастодианды бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

58. Қағидалардың 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 13, 14, 15, 16, 17, 20, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69 және 70-тармақтарының талаптары бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін сақтауды және есепке алуды жүзеге асыратын кастодианға қолданылмайды.

6. Клиенттердің активтерін жаңа кастодианға беру тәртібі

59. Кастодиан ерікті зейнетақы қорының активтерін, жұмыс істеп тұрған және жаңа кастодианның уәкілетті өкілдері инвестициялық қордың және кастодианның арнайы қаржы компаниясының активтерін жаңа кастодианға беруді клиент жаңа кастодианмен кастодиандық қызмет көрсету жөніндегі шартты жасасқаннан кейін жүзеге асырады.

60. Қағидалардың 59-тармағында көрсетілген клиенттердің активтерін жаңа кастодианға беруді жүзеге асыру үшін жаңа кастодианға мыналар:

1) берілетін активтер тізбесі;

2) берілетін құжаттар тізбесі;

3) активтерді қабылдау-тапсыру актісі жасалады.

Клиенттердің берілетін активтерінің тізбесіне клиенттердің кастодиандық қызмет көрсететін барлық активтері кіргізіледі.

61. Осы Қағидалардың 60-тармағында көрсетілген клиенттердің берілетін құжаттарының тізбесіне:

1) активтерді беру күнінде кастодианның ішкі есеп жүргізу жүйесінде клиентке ашылған есеп шоттан және орталық депозитарийдің есеп жүргізу жүйесінде ашылған қосалқы шоттан алынған үзінді көшірмелерінің көшірмелері;

2) активтерді беру күні кастодиан мен клиент арасында жасалған салыстырып тексеру актілерінің (Астана қаласының уақыты бойынша 00 сағат 00 минут) көшірмелері, сондай-ақ салыстырып тексеру жүргізілген құжаттар;

3) кастодианның есепке алу жүйесінде ашылған клиенттердің шоттары бойынша операциялар жүргізуге клиенттердің тапсырмаларын (бұйрықтарын), сондай-ақ кастодиандық шарттарының шеңберінде осы клиенттердің активтердің кастодиандық қызмет көрсету бойынша қызметіне жататын

өзге де құжаттар енгізіледі.

Кастодиан инвестициялық қордың активтерін берілетін құжаттардың тізбесіне беру кезінде қосымша инвестициялық қордың активтері құрамына кіретін ақша мен қаржы құралдарынан басқа, өзге мүлікке қатысты инвестициялық қордың меншік құқығын белгілейтін құжаттардың көшірмелері енгізіледі.

Арнайы қаржы компаниясының берілетін құжаттар тізбесіне облигациялармен мәмілелерді есепке алу бойынша қызметіне, оның ішінде олар бойынша сыйақы төлеуге жататын құжаттардың көшірмелері қосымша енгізіледі.

62. Қағидалардың 59-тармағында көрсетілген клиенттердің активтерін жаңа кастодианға беруді жүзеге асыру кезінде активтерді қабылдау-тапсыру актісі жасалады, онда мынадай ақпарат қамтылады:

1) қабылдау-тапсыру актісі жасалған, клиент жаңа кастодианмен кастодиандық шарт жасасқан күндер;

2) активтері жаңа кастодианға кастодиандық қызмет көрсетуге берілетін клиент туралы мәліметтер;

3) қабылдау-тапсыру актісі жасалған күнгі кастодианның есепке алу жүйесінде ашылған шоттардағы ақшаның, эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарының қозғалысы және қалдығы туралы мәліметтер;

4) қабылдау-тапсыру актісі жасалған күнгі кастодианның есепке алу жүйесінің деректеріне сәйкес инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін ақша мен өзге қаржы құралдарынан басқа өзге мүліктің қозғалысы және қалдығы туралы мәліметтер;

5) жаңа кастодианға берілуі тиіс құжаттар тізбесі;

6) тараптардың деректемелері;

7) тараптардың келісуі бойынша өзге де мәліметтер.

63. Кастодиан клиенттердің активтерін, Қағидалардың 59-тармағында көрсетілген клиенттерді қоспағанда, кастодиандық шартта және кастодианның ішкі құжаттарында көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

64. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін, арнайы қаржы компаниясының белгіленген активтерін, жаңа кастодианға инвестициялық қордың активтерін қабылдау-тапсыру актісінде Қағидалардың 62-тармағында көрсетілген ақпараттан басқа мынадай ақпарат қамтылады:

1) активтерді қабылдау-тапсыру актісін жасаған күнгі жағдай бойынша жасалған депонент-банктердің атауын, салымдар сомаларын, банктік салым шартының жасалған күні мен нөмірлерін, салымдар мерзімдерін, сыйақы ставкаларын көрсете отырып, екінші деңгейдегі банктердегі салымдар туралы ақпарат;

2) активтерді қабылдау-тапсыру актісін жасаған күнгі жағдай бойынша клиенттердің активтерін құрайтын қаржы құралдарының сатып алу және ағымдағы құны туралы ақпарат;

3) активтерді қабылдау-тапсыру актісін жасаған күнгі жағдай бойынша әрбір қаржы құралы бойынша есептелген және алынған инвестициялық кірістің сомасы туралы, сондай-ақ әрбір қаржы құралы бойынша есептелген, бірақ төленбеген сомасы туралы;

4) активтерді қабылдау-тапсыру актісін жасаған күнгі жағдай бойынша есептелген және төленген, сондай-ақ төлеуге жататын комиссиялық сыйақылар сомасы туралы;

5) кастодиандық қызмет көрсету жөніндегі қызметке қатысты өзге де мәліметтер.

65. Клиент активтерін қабылдау-тапсыру актісі кастодиандық шарт бұзылған күні кастодиан, жаңа кастодиан және клиент не оның уәкілетті өкілі үшін бір-бір данадан үш данада жасалады да, кастодианның және жаңа кастодианның бірінші басшылары мен бас бухгалтерлері қол қояды және олардың мөр бедерімен расталады.

66. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін қабылдау-тапсыру актісі кастодиандық шарт бұзылған күнгі жағдай бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, кастодиан, жаңа кастодиан, уәкілетті орган үшін бір-бір данадан төрт данада жасалады да, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының, кастодианның және жаңа кастодианның бірінші басшылары мен бас бухгалтерлері қол қояды және олардың мөр бедерімен расталады.

67. Арнайы қаржы компаниясының белгіленген активтерін қабылдау-тапсыру актісі кастодиандық шарт бұзылған күнгі жағдай бойынша арнайы қаржы компаниясына, оның инвестициялық портфельді басқарушысына, кастодиан, жаңа кастодиан уәкілетті орган үшін оны бір-бір данадан бес данада жасалады, арнайы қаржы компаниясының, инвестициялық портфельді (кастодиандық шарттың тарабы болып табылатын) басқарушысының, кастодианның, жаңа кастодианның, уәкілетті органның бірінші басшылары мен бас бухгалтерлері қол қояды және олардың мөр бедерімен расталады.

68. Арнайы қаржы компаниясының активтерін қабылдау-тапсыру актісі кастодиандық шарт бұзылған күні инвестициялық қордың инвестициялық портфельді басқарушысы, кастодиан, жаңа кастодиан, уәкілетті орган үшін бір-бір данадан төрт данада жасалады да, инвестициялық портфельді басқарушысының, кастодианның және жаңа кастодианның бірінші басшылары мен бас бухгалтерлері қол қояды және олардың мөр бедерімен расталады.

Акционерлік инвестициялық қордың активтерін жаңа кастодианға беру кезінде оның активтерін қабылдау-өткізу актісіне акционерлік инвестициялық қордың бірінші басшысы және бас бухгалтері қосымша қол қояды және олардың мөр бедерімен расталады.

69. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін, арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтерін, инвестициялық қордың активтерін қабылдау-тапсыру актісінің даналарын кастодиандық қызмет көрсетуге активтерді қабылдайтын кастодиан уәкілетті органға оған қол қойған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынады.

70. Кастодиан өз клиенттерінің міндеттемелері бойынша жауапты болмайды және клиенттер қабылдайтын инвестициялық шешімдер үшін жауап бермейді.

7. Инвестициялық қордың активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыруға берілген лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған немесе лицензиясынан айырылған жағдайда жаңа басқарушы компанияны таңдау бойынша, сондай-ақ инвестициялық пай қорының жұмысын тоқтату бойынша кастодиан қолданатын іс-әрекеттер тәртібі

71. Кастодиан инвестициялық қордың инвестициялық портфелін басқарушы мыналардың инвестициялық портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған немесе лицензиясынан айырылған жағдайда:

1) ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының - жаңа инвестициялық қорды басқарушыны таңдайды не ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтату рәсімдерін жүзеге асырады;

2) жабық инвестициялық пай қорының - жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын осы қордың қағидаларында белгіленген талаптарда және тәртіпте шақыруды қамтамасыз етеді не жабық инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтату рәсімдерін жүзеге асырады.

72. Кастодиан уәкілетті органның ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының инвестициялық портфелін басқарушы лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрғаны немесе лицензиясынан айырылғаны туралы хабарламасын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мыналарды:

1) ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының атауын;

2) ертеректе ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асырған инвестициялық қорды басқарушының атауын;

3) кастодианның өтінімдерді қабылдайтын мерзімін көрсете отырып, осы ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының инвестициялық портфелін басқару қызметін жүзеге асыруға өтінімдерді (бұдан әрі - өтінім) қабылдау туралы ұсынысын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды не уәкілетті органның инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар барлық инвестициялық портфельді басқарушыларға жібереді.

73. Кастодиан кастодианға өтінім жіберген және Қағидалардың 74-тармағының талаптарына сәйкес келетін инвестициялық портфельді басқарушының талап етуі бойынша оған инвестициялық портфелін басқарушы лицензиясынан айырылған ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтер береді.

74. Жаңа инвестициялық портфельді басқарушы кастодиан басқармасының шешімімен:

1) Қағидалардың 72-тармағының 3) тармақшасында белгіленген мерзімде кастодианға өтінім жіберген;

2) өтінім жіберген күнге уәкілетті орган белгілеген пруденциалдық нормативтерді сақтайтын;

3) өтінім жіберген күнге уәкілетті орган берген лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру түрінде қолданыстағы санкциялары жоқ инвестициялық портфельді басқарушылар қатарынан таңдалады.

75. Кастодиан жаңа инвестициялық портфельді басқарушыны тағайындауға қатысты инвестициялық

пай қорының қағидаларына енгізілетін өзгерістер күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде инвестициялық пай қорының активтерін мыналар:

- 1) қабылдау-тапсыру актісі жасалған күн;
- 2) активтері берілетін инвестициялық пай қоры туралы мәліметтер;
- 3) қабылдау-тапсыру актісі жасалған күнгі кастодианның есеп жүргізу жүйесінде ашылған шоттардағы ақшаның, бағалы қағаздар мен өзге де активтердің қозғалысы және қалдығы туралы мәліметтер;
- 4) жаңа инвестициялық портфельді басқарушыға берілуі тиіс құжаттар түпнұсқаларының, берілетін құжаттардың түпнұсқалары болмаған жағдайда олардың көшірмелерінің тізбесі;
- 5) тараптардың деректемелері;
- 6) тараптардың қалауы бойынша өзге де мәліметтер қамтылатын қабылдау-тапсыру актісіне сәйкес инвестициялық портфельді басқарушыға береді.

76. Инвестициялық пай қорының активтерін қабылдау-тапсыру актісі кастодиан мен жаңа инвестициялық портфельді басқарушы үшін бір-бір данадан екі данада жасалады, оған кастодианның және инвестициялық портфельді басқарушының бірінші басшылары мен бас бухгалтерлері қол қояды және олардың мөр бедерімен расталады.

Кастодиан инвестициялық пай қорының активтерін қабылдау-тапсыру актісінің көшірмесін тараптар қол қойған күнінен бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірмей уәкілетті органға жібереді.

77. Кастодиан Инвестициялық қорлар туралы Заңның 33-бабы 1-тармағының 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген негіздер туындаған кезде мынадай іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

1) инвестициялық пай қорының қызметін тоқтатуға негіздер туындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қордың қағидаларында айқындалған тәртіппен және талаптарда пай ұстаушыларға, уәкілетті органға, инвестициялық пай қорының қызметін қамтамасыз ететін ұйымдарға, қордың кредиторларына және инвестициялық пай қорының активтерімен орындалмаған мәмілелер тараптарына инвестициялық пай қорының жұмыс істеуі тоқтатылғаны туралы, осы рәсімді өткізу талаптары мен тәртібі туралы хабарламаны жібереді;

2) инвестициялық пай қорының қызметін тоқтатуға негіздер туындаған күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде тіркеушіге бұл туралы хабарлама жібереді;

3) талаптары инвестициялық пай қорының активтері есебінен қанағаттандырылатын кредиторларды анықтау шараларын қабылдайды;

4) инвестициялық пай қорының ақысы төленген, бірақ оның қызмет ету кезеңінде қор активтерін сатуға қойылмаған (қордың меншігі ретінде тіркелмеген) активтерін алуды қамтамасыз етеді;

5) инвестициялық пай қоры активтерінің есебінен қанағаттандырылатын кредиторлардың талаптары қойылатын мерзім аяқталғаннан кейін және көрсетілген кредиторлармен есеп айырысу басталғанға дейін қордың кастодианы инвестициялық пай қоры активтерінің құрамы мен құны туралы, кредиторлар қойған талаптар туралы, қордың ақысы төленген, бірақ орналастырылмаған активтері туралы мәліметтерді, сондай-ақ көрсетілген мәліметтерді қарау нәтижелері және бұдан былайғы іс-әрекеттер туралы есепті жасайды және уәкілетті органға жібереді;

6) инвестициялық пай қорының кредиторларымен есеп айырысады;

7) инвестициялық пай қорының қызметін тоқтатуға байланысты шығыстарды төлейді;

8) Инвестициялық қорлар туралы Заңның талаптарына және инвестициялық пай қорының қағидаларына сәйкес қалған ақшаны пай ұстаушыларының арасында бөліп береді және сатылмаған активтерді өздерінің келісімі болса пай ұстаушыларының меншігіне береді.

78. Кастодиан Қағидалардың осы бөлімінде көрсетілген іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін:

1) тіркеушіден қызметін тоқтатуды кастодиан жүргізетін инвестициялық пай қорының пайлары, осы инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылар, олардың деректемелері мен оларға тиесілі пайлар саны туралы мәліметтерді;

2) қызметін тоқтатуды кастодиан жүргізетін инвестициялық пай қорының инвестициялық портфельін басқарушыдан кредиторлар және дебиторлар туралы, сондай-ақ кредиторлық және дебиторлық берешек, оның ішінде «репо» операцияларын ашу шеңберінде туындаған берешек сомалары туралы ақпаратты сұратады және алады.

79. Кастодиан Қағидалардың 77-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген іс-әрекеттерді жүзеге асыру кезінде инвестициялық пай қорының активтерін сату бойынша мәмілелер жасайды.

20__ ж. «__» _____ бастап «__» _____ дейінгі кезеңде

(ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының атауы)
инвестициялық шоты бойынша ақша қозғалысы туралы мәліметтер

№	Ақша ағынының баптары	Сомасы
1.	Есепті кезеңнің басындағы ақша қалдығы	
2.	Түскен ақшаның барлығы, оның ішінде:	
2.1.	зейнетақы жарналары	
2.2.	басқа ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларынан жинақталған зейнетақы қаражаты	
2.3.	өсімпұл	
2.4.	нақты алынған инвестициялық кіріс	
2.5.	анықталмаған (жаңылысып түскен) сомалар	
2.6.	зейнетақы төлемдері шотынан сомаларды қайтару	
2.7.	банктік салымдарды қайтару сомасы	
2.8.	бағалы қағаздарды өтеуден түскен сомаларды қоса алғанда, бағалы қағаздарды сатудан түскен сомалар	
2.9.	басқа сомалар	
3.	Барлық инвестицияланған ақша, оның ішінде:	
3.1.	бағалы қағаздарға	
3.2.	екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға	
3.3.	өзге қаржы құралдары	
4.	Барлық төлемдер, оның ішінде:	
4.1.	жасына қарай зейнетақы төлемдері	
4.2.	мұрагерлерге	
4.3.	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығуына байланысты	
4.4.	жаңылыс есепке алынған сомаларды қайтару	
4.5.	комиссиялық сыйақылар аударымдары	
4.6.	шетел валютасын сатып алу	
4.7.	өзгелер	
5.	Есепті кезеңнің соңындағы ақша қалдығы	

Қосымша мәліметтер

Есептелген инвестициялық кіріс	
Инвестициялық кірістен түскен комиссиялық сыйақылар	
Зейнетақы активтерінен түскен комиссиялық сыйақылар	
Өзге мәліметтер	

Бірінші басшы (ол болмаған кезде - оның орнындағы адам)

_____ (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) _____ (қолы)

Бас бухгалтер (ол болмаған кезде - оның орнындағы адам)

_____ (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) _____ (қолы)

Орындаушы: _____ (лауазымы, аты-жөні) _____ (қолы) _____ (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күн 20_____ жылғы «___» _____

Мөрдiң орны

Қазақстан Республикасының
бағалы қағаздар нарығында
кастодиандық қызметті
жүзеге асыру қағидаларына
2-қосымша

2-нысан

Зейнетақы активтерінің құрылымы туралы есеп

(ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының атауы)

№	Эмитенттің атауы	Сәйкестендіру нөмірі	Қаржы құралының түрі	Өтеу мерзімі (өтеу күні)	Акциялар үшін дана саны/ облигациялар үшін номиналды саны	Бір қаржы құралын сатып алу құны (теңге)	Қаржы құралына салынатын жиынтық сома	Орналастырылған зейнетақы активтерінің жиынтық шамасынан % жиынтығы
---	------------------	----------------------	----------------------	--------------------------	---	--	---------------------------------------	---

Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша жиынтығы
Мемлекеттік емес бағалы қағаздар бойынша жиынтығы
Өзге қаржы құралдары бойынша жиынтығы
Бірінші басшы (ол болмаған кезде - оның орнындағы адам)

_____ (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер (ол болмаған кезде - оның орнындағы адам)

_____ (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы: _____
(лауазымы, аты-жөні) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күн 20 ____ жылғы «__» _____

Мөрдiң орны

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2013 жылғы 26 шілде

№ 185

*Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының комиссиялық сыйақыны
өндіріп алу қағидаларын бекіту туралы*

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының комиссиялық сыйақыны өндіріп алу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2013 жылғы 23 тамыздан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

*Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының комиссиялық сыйақыны өндіріп алу
қағидалары*

1. Осы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының комиссиялық сыйақыны өндіріп алу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң) сәйкес әзірленді және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (бұдан әрі - БЖЗҚ) комиссиялық сыйақыны өндіріп алу тәртібін айқындайды.

2. Осы қаулының мақсаттары үшін зейнетақы активтерінің ағымдағы құны ретінде Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 17) тармақшасына сәйкес айқындалатын зейнетақы активтерінің ағымдағы құны түсініледі.

3. БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақыны санау, есептеу және аудару үшін нәтижелері бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің ағымдағы құны есептелетін айдағы БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерінен есептелген инвестициялық кіріс ескерілмей комиссиялық сыйақы саналатын және есептелетін айдың алдындағы айдың бірінші күнінің басындағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің ағымдағы құны пайдаланылады.

Егер нәтижелері бойынша БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақыны санау үшін пайдаланылатын БЖЗҚ зейнетақы активтерінің ағымдағы құны айқындалатын айда есептелген теріс инвестициялық кіріс қалыптасса, БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақыны санау, есептеу және аудару үшін комиссиялық сыйақыны санау мен есептеу жүргізілетін айдың алдындағы айдың бірінші күнінің басындағы жағдай бойынша зейнетақы активтерінің ағымдағы құны пайдаланылады.

4. Инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақыны санау, есептеу және аудару үшін нәтижелері бойынша БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақыны санау үшін пайдаланылатын БЖЗҚ зейнетақы активтерінің ағымдағы құны есептелетін айда есептелген БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерінен инвестициялық кіріс пайдаланылады.

Егер нәтижелері бойынша БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақыны санау, есептеу және аудару үшін пайдаланылатын БЖЗҚ зейнетақы активтерінің ағымдағы құны айқындалатын айда есептелген теріс инвестициялық кіріс қалыптасса, бір айдағы инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы алынбайды, есептелмейді және БЖЗҚ-ның ағымдағы шотына аударылуға жатпайды.

5. Есепті айдан кейінгі ай ішінде БЖЗҚ зейнетақы активтерінің шартты бірлігінің құнын есептеу үшін Қағидалардың 2 және 3-тармақтарына сәйкес есептелген, есепті айдан кейінгі айдың күнтізбелік күндерінің санына пропорционалды түрде есептелген БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақы және инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы пайдаланылады.

6. БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақы және БЖЗҚ-ның инвестициялық кірісінен комиссиялық сыйақы кастодиан банктің және БЖЗҚ-ның уәкілетті өкілдері қол қойған салыстырып тексеру актісінің негізінде БЖЗҚ-ның инвестициялық шотынан БЖЗҚ-ның ағымдағы шотына аударылуға тиіс.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2013 жылғы 26 шілде

№ 186

*Зейнетақы активтерін есепке алуды және бағалауды
жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы*

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Зейнетақы активтерін есепке алуды және бағалауды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) бекітілсін.

2. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы:

1) жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдарын инвестициялық портфельге, ол бойынша осы қаржы құралдары оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры қабылдаған күнге жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфельдерде ескерілетін және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы № 109 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3603 тіркелген) бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфельдеріндегі қаржы құралдарын бағалау ережесіне сәйкес қалыптастырылған ағымдағы құны бойынша қабылдасын;

2) Қағидаларға сәйкес зейнетақы активтерін есепке алуды және бағалауды зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қабылдау-тапсыру графигіне сәйкес зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша бірінші жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері мен міндеттемелерін беру басталған күннен кейінгі күннен бастап жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы 2013 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылғы 10 қыркүйекте № 8691 тіркелген*

*Зейнетақы активтерін есепке алуды және бағалауды жүзеге асыру
қағидалары*

1. Зейнетақы активтерін есепке алуды және бағалауды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және зейнетақы активтерін есепке алу және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қордың инвестициялық портфеліндегі және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарын бағалау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) акциялардың баланстық құны - уәкілетті органымен келісілген қор биржасының ережесіне сәйкес осы акциялардың эмитентінің қаржылық есептіліктің негізінде айқындалатын акциялардың құны;

2) борыштық қаржы құралының номиналды құны - шығарылымы кезде айқындалған, пайызда көрсетілген сыйақы, сондай-ақ өтеген кезде борыштық қаржы құралының ұстаушысына төлеуге жататын сомасы есептелетін борыштық қаржы құралы құнының ақша көрінісі;

3) жинақтаушы зейнетақы қоры - зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметті жүзеге асырған, лицензиясының қолданысы Заңның 73-бабының 4-тармағына сәйкес тоқтатылатын заңды тұлға;

4) зейнетақы активтерін басқарушы - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

5) Қазақстан Республикасының резидент басқарушысы - бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтеріне қатысты - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі активтерді инвестициялық басқару шартына сәйкес зейнетақы активтерін басқару үшін қажетті іс-әрекет жасау тапсырған Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғасы, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтеріне қатысты - ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының тапсырмасы бойынша іс-әрекет жасайтын инвестициялық портфельді басқаруға уәкілетті органның лицензиясы бар ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры немесе Қазақстан Республикасының басқа резидент ұйымы;

6) қаржы құралдарын бағалау бойынша комитет - жұмыс істеу құрамы және тәртібі зейнетақы активтерді басқарушының ішкі құжаттарымен регламенттелетін зейнетақы активтерін басқарушының алқалы органы;

7) қаржы құралының ағымдағы құны - бухгалтерлік есепке алуда көрсетілген қаржы құралының ағымдағы құны;

8) қаржы құралының әділ құны - Қағидалардың 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18-тармақтарына сәйкес белгіленетін құны;

9) қарсы әріптес - Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес қаржы құралдармен мәмілелер жасауға құқығы бар заңды тұлға;

10) құрылымдық ноттар - шығарылым шарттары негізгі борыш сомасының төлемі және (немесе) оларды шығару шартында берілген көрсеткіштеріне жетуге дейін осы қаржы құралдар бойынша сыйақының байланысын көздейтін Қазақстан Республикасының резидент эмитенттері шығарған қаржы құралдары;

11) өтімді емес борыштық бағалы қағаздар - құны (кірістілігі) қор биржасының директорлар кеңесі бекіткен және уәкілетті органмен келісілген бағалы қағаздарды бағалау әдістемесінде белгіленген борыштық бағалы қағаздардың құнын анықтау критерийлеріне қарай есептелмейтін борыштық бағалы қағаздар;

12) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті.

3. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары

зейнетақы активтерін есепке алуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдесіндегі № 195 қаулысымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № _____ тіркелген) «Зейнетақы активтер бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және ашу» Қаржылық есептілік стандартына сәйкес жүзеге асырады.

4. Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген қаржы құралдарын қоспағанда, халықаралық (шетелдік) нарықтарда айналыста болатын және сатылатын, әділ құны бойынша бағаланатын, қаржы құралдары деп есептелетін ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің есебінен сатып алынған қаржы құралдарының бағалау аптаның бірінші жұмыс күні Астана қаласының уақыты бойынша 17.00 сағаттан кешіктірмей алдыңғы аптаның бірінші жұмыс күнінің соңында шетелдік кастодиан (кастодиандар) зейнетақы активтерін басқарушысына беретін зейнетақы активтерін жай-күйі туралы ақпараттың негізінде аптаның бірінші жұмыс күнінің соңында жүзеге асырылады.

Шетелдік кастодиан (кастодиандар) ұсынбаған жағдайда осы ақпаратты бермеген жағдайда зейнетақы активтерін басқарушысы осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген мерзімде алдыңғы жұмыс күніне ұқсас ақпарат пайдаланылады.

5. Қағидалардың 4-тармағында белгіленген тәртіпте зейнетақы активтерін басқарушының шетел кастодиан беретін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің жай-күйі туралы ақпаратта Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген қаржы құралдары туралы мәліметтер болмаған жағдайда, осы қаржы құралдарын бағалау әр апта сайын аптаның бірінші жұмыс күнінің соңында Bloomberg немесе Reuters ақпараттық-талдау жүйелерінің деректері бойынша алдыңғы сауда күнінің жабу (close price) бағасы бойынша жүзеге асырылады.

Bloomberg немесе Reuters ақпараттық-талдау жүйелерінде бағаланатын қаржы құралдары туралы ақпарат болмаған жағдайда:

үлестік қаржы құралдарын бағалау мақсаттары үшін ағымдағы құны пайдаланылады;

борыштық қаржы құралдарын бағалау мақсаттары үшін номиналды құнына дейінгі амортизацияны ескере отырып ағымдағы құны пайдаланылады.

6. Зейнетақы активтерін басқарушының және (немесе) Қазақстан Республикасының резидентін (резиденттерін) басқарушының басқаруындағы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің есебінен сатып алынған қаржы құралдарын бағалау бағалауы Қағидалардың 4 және 5-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылатын халықаралық (шетел) нарықтарда айналыстағы және сатылатын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің есебінен сатып алынған қаржы құралдарын қоспағанда, Қағидалардың 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Акциялары қор биржасының тізіміне енген, параметрлері қор биржасының акциялары (қор биржасының өкілдік тізімі) нарығының индексін есеп айырысу мақсатында пайдаланылатын Қазақстан Республикасы резиденттер ұйымдарының жай және артықшылықты акцияларын бағалау қор биржасының директорлар кеңесі бекіткен және уәкілетті органмен келісілген қор биржасының Бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес аптаның бірінші жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша апта сайын жүзеге асырылады.

8. Акциялары қор биржасының өкілдік тізіміне кірмейтін Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарының акциялары:

1) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфеліндегі баланстық құны бойынша есептеледі;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфеліндегі сатып алған бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының баланстық құны бойынша есептеледі, жинақтаушы зейнетақы қоры бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына берген бағалау сәтіне келтірілген құны бойынша есептеледі.

Келтірілген құны қор биржасының интернет-ресурсында жарияланатын қаржылық есептілігінде көрсетілген не қор биржасының интернет-ресурсында осындай ақпарат болмаған жағдайда, «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңының 76-бабының 4-тармағының талаптарына сәйкес жарияланатын қаржылық есептілігінің негізінде анықталатын баланстық құнына, мынадай сәйкес келтіру кезеңдерін ескере отырып, акциялардың ағымдағы құнын 2018 жылғы 1 шілдеге дейін біркелкі өзгерту арқылы анықталады.

9. Әділ құны бойынша бағаланатын, қаржы құралдары деп есептелетін Қазақстан Республикасының резидент ұйымдары акцияларынан басқа, өзге де қаржы құралдарын бағалау қор биржасының

директорлар кеңесі бекіткен және уәкілетті органмен келісілген қор биржасының Бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес аптаның бірінші жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша апта сайын жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарының өтімді емес борыштық бағалы қағаздары осы Қағидалардың 17-тармағына сәйкес анықталатын және қор биржасының интернет-ресурсында жарияланатын әділ құны бойынша есептелінеді.

Егер Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарының өтімді емес борыштық бағалы қағаздарына делистинг жүргізілген жағдайда, бағалау мақсаттары үшін қор биржасы соңғы есепті күнге жариялаған осы бағалы қағаздардың соңғы әділ құны пайдаланылады.

10. Қор биржасы апта сайын аптаның бірінші жұмыс күні Астана қаласының уақыты бойынша 18.00 сағаттан кешіктірмей өз интернет-ресурсында мынадай:

1) Қағидалардың 17-тармағына сәйкес анықталатын қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарының өтімді емес борыштық бағалы қағаздарының құны туралы;

2) қор биржасының ішкі құжаттарымен анықталатын өзге де мәліметтерді орналастырады.

11. Халықаралық (шетелдік) нарықтарда айналыста болатын және сатылатын, әділ құны бойынша бағаланатын, қаржы құралдары деп есептелетін ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің есебінен сатып алынған қаржы құралдарының бағалау әр апта сайын аптаның бірінші жұмыс күнінің соңында Bloomberg немесе Reuters ақпараттық-талдау жүйелерінің деректері бойынша алдыңғы сауда күнінің жабу (close price) бағасы бойынша жүзеге асырылады.

Шетел мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, тек Қазақстан Республикасының аумағында ғана айналыста болатын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің есебінен сатып алынған Қазақстан Республикасының резидент емес эмитенттерінің борыштық бағалы қағаздардың бағалау әр апта сайын аптаның бірінші жұмыс күнінің соңында Bloomberg немесе Reuters ақпараттық-талдау жүйелерінің деректері бойынша алдыңғы сауда күнінің жабу (close price) бағасы бойынша жүзеге асырылады.

Bloomberg немесе Reuters ақпараттық-талдау жүйелерінде бағаланатын қаржы құралдары туралы ақпарат болмаған жағдайда:

үлестік қаржы құралдарын бағалау мақсаттары үшін ағымдағы құны пайдаланылады;

борыштық қаржы құралдарын бағалау мақсаттары үшін номиналды құнына дейінгі амортизацияны ескере отырып ағымдағы құны пайдаланылады.

12. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын жинақтаушы зейнетақы қоры бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына берген құрылымдық ноттарды бағалау номиналды құнына дейін амортизацияны (сызықтық) ескере отырып соңғы әділ құны бойынша не соңғы әділ құны болмаған жағдайда - номиналды құнына дейін амортизацияны (сызықтық) ескере отырып сатып алу құны бойынша жүзеге асырылады.

13. Борыштық қаржы құралының номиналды құны осы борыштық қаржы құралының шығарылымы проспектісінің негізінде анықталады.

14. Тазартылған қымбат металдарды бағалау алдыңғы аптаның соңғы жұмыс күні Лондон қауымдастығы жүргізетін қымбат металдар нарығы таңертеңгілік сауда-саттықтың сессиясы жабылу бағасы бойынша аптаның бірінші жұмыс күні соңындағы жағдай бойынша апта сайын жүзеге асырылады.

15. Туынды қаржы құралдарын бағалау Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарын ескере отырып, әзірленген бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі құжаттарында көзделген тәртіпте әділ құны бойынша аптаның бірінші жұмыс күні соңындағы жағдай бойынша апта сайын жүзеге асырылады.

16. Пайларды бағалау инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырған соңғы есептелген құны бойынша аптаның бірінші жұмыс күні соңындағы жағдай бойынша апта сайын жүзеге асырылады.

17. Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарының өтімді емес борыштық бағалы қағаздарының әділ құнын қор биржасы мынадай формула бойынша анықтайды:

$$P = \sum_i^n \frac{K_i}{\left(1 + \frac{Y}{100m}\right)^{\frac{mT_{ki}}{T_0}}} + \frac{100}{\left(1 + \frac{Y}{100m}\right)^{\frac{mT_n}{T_0}}},$$

мұнда:

P - борыштық бағалы қағаздың әділ құны, номиналды құнына пайызбен;

i - купондық кезеңнің реттік нөмірі;

n - облигацияның айналыста болу мерзімінде купондық кезеңдердің саны;

Y - дисконттау ставкасы;

T₀ - есепті жылдың ұзақтығы, күнмен;

T_n - белгіленген облигацияларды қайта бағалау күні мен облигацияларды өтеу күнінің арасындағы күндер саны;

T_{ki} - белгіленген облигацияларды қайта бағалау күнінің және ол бойынша кезекті купонын төлеу күнінің арасындағы күндер саны;

m - күнмен есептелетін есепті жылдың ұзақтығының күнмен есептелетін купондық кезеңнің ұзақтығына қатынасы;

K_i - жылдық пайызбен есептелетін есепті жылға облигация бойынша купон ставкасының «m» көрсеткішіне қатынасы.

Дисконттау ставкасы қор биржасының директорлар кеңесінің шешімімен тоқсанына бір рет қор биржасының ресми тізімінің «Борыштық бағалы қағаздары» секторының әрбір жеке санаты (шағын санаты) үшін борыштық бағалы қағаздары кірістілігінің орташа мөлшерленген ставкасын есептеу әдістемесінің негізінде осы тоқсанның алдыңғы он екі айдың қорытындысы бойынша тиісті санаттағы (шағын санаттағы) орташа мөлшерленген жылдық кірістілік ставкасына қарай анықталады.

Қор биржасының директорлар кеңесінің осы шешімі уәкілетті органмен келісу тиіс және есепті тоқсанның бірінші айының он бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақыты бойынша 18.00 сағаттан кешіктірмей қор биржасының интернет-ресурсында жарияланады.

18. Банк салымдарында орналастырылған активтердің ағымдағы құны банк салымының шартында көрсетілген сыйақы сомасын күн сайын есептеу арқылы белгіленеді.

19. Қағидалардың 4-тармағында және 11-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген қаржы құралдарын қоспағанда, зейнетақы активтерін басқарушысында немесе Қазақстан Республикасының резидент басқарушысында инвестициялық басқаруындағы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің құнсыздануына (құнын азайтуына) тест жүргізеді және эмитент қаржы құралдары бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған салдарынан құнын жоғалту кезінде зейнетақы активтерінің құнсыздануына (құнының азайтылуына) байланысты ықтимал шығындарға қарсы резервтерді (провизияларды) қалыптастырады (құнының теріс түзетуін жүзеге асырады).

20. Құнсыздануына тест жүргізуге бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының «амортизациялық құны бойынша бағаланатын» санатына және дебиторлық берешектер шоттарына жатқызылған, сондай-ақ банк салымдарына орналастырылған зейнетақы активтері жатады. «Әділ құны бойынша бағаланатын» санатына жатқызылған зейнетақы активтері бойынша эмитенттің дефолты не делистингі және (немесе) банкроттығы жарияланған және (немесе) соңғы жарияланған тоқсандық (жылдық) бухгалтерлік баланстың негізінде теріс меншікті капиталдың және (немесе) халықаралық (шетелдік) нарықтарда айналатын және саудаланатын қаржы құралдарын қоспағанда, эмитенттің өзге қаржы құралдары бойынша міндеттемелерін орындамау фактісі болған жағдайда құнын төмендету жүзеге асырылады.

Қаржы құралдарының құнсыздануы және құнын азайтуы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры әзірлеген әдістемеге (бұдан әрі - Әдістеме) сәйкес Қағидалардың талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

21. Қаржы құралдарының құнсыздануына тест жүргізу арқылы құнсыздануын танудың мынадай критерийлері анықталады:

1) эмитенттің қаржылық жай-күйі;

- 2) шығарылған қаржы құралдары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу кезінде мерзімін кешіктіру;
- 3) кепілдіктің болуы;
- 4) рейтингінің болуы;
- 5) қаржы құралдарының құнсыздануын куәландыратын өзге объективті ақпарат.

Акциялардың құнсыздануына тест жүргізу кезде осы тармақтың 1), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген критерийлер қолданылады.

Әрбір критерий бойынша осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес балл беріледі. Балл сомасы қаржы құралдарының жіктеу санатын анықтау кезінде пайдаланылады. Актив бойынша жиналған баллдардың санын негізге алып, осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес оның жіктеу санаты және қажетті резервтердің (провизиялардың) мөлшері белгіленеді.

22. Эмитенттің қаржылық жай-күйі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры осы Қағидалардың талаптарын ескере отырып, әзірлейтін Әдістемеге сәйкес бағаланады және қаржылық жай-күйін бағалау тәртібін, әдісін, тәсілдерін, қажетті құжаттардың тізбесін және эмитенттің қаржылық жай-күйін анықтауға мүмкіндік беретін өзге қолайлы ақпаратты енгізеді. Әдістемені бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының басқару органы бекітеді.

23. Әдістемеді эмитенттің қаржылық жай-күйін сипаттайтын мынадай негізгі көрсеткіштер қамтылады:

1) төлем қабілеттілігі, Әдістемеді белгіленген коэффициенттердің тиісті жиынтығын негіздей отырып есептелетін, эмитенттің өз міндеттемелерін орындау қабілеттілігін ашады;

2) қаржылық тұрақтылық, Әдістемеді белгіленген коэффициенттердің тиісті жиынтығын негіздей отырып есептелетін, капитал құрылымын, кірістілік деңгейін (соңғы күнтізбелік жылдағы динамикасында), тиімділікті (соңғы күнтізбелік жылдағы динамикасында) ашады;

3) эмитенттің өз қаржылық жай-күйін жақсарту үшін қабылдаған шаралары.

24. Қаржылық жай-күйі мынадай болып жіктеледі:

1) тұрақты - эмитенттің қаржылық жай-күйі тұрақты:

эмитент төлемге қабілетті;

коэффициенттердің мәні Әдістемеге сәйкес есептелген;

бизнесті дамытудың оң нарықтық талаптары, сондай-ақ нарықта жақсы бәсекелестік позициясы қалыптасқан;

ресурстарға және капитал нарығына еркін ену мүмкіндігі бар, бағалы қағаздарды шығару мерзімі аралығында эмитенттің қаржылық жай-күйін елеулі төмендетуге қабілетті сыртқы немесе ішкі факторлар анықталмаған;

эмитенттің өз міндеттемесі бойынша есептесу мүмкіндігі күмән туғызбайды;

эмитенттің активтері және міндеттемелері бойынша мерзімдері шамалас келеді;

2) қанағаттанарлық - осы санаттағы эмитенттің қаржылық жай-күйі «тұрақты» сипаттамасына жақын, бірақ оның осы деңгейді ұзақ уақыт бойы ұстап тұруы жөнінде болжам жасау төмен болып табылады;

3) тұрақсыз - эмитенттің мынадай факторларға байланысты өзінің міндеттемелері бойынша есептесе алмайтындығы жөнінде белгілі бір болжам бар:

эмитенттің қаржылық жай-күйінің тұрақты және елеулі түрде нашарлау белгілері бар (эмитенттің қолданып отырған шараларының қаржылық жай-күйін тиімді тұрақтандыра алатындығына сенім жоқ);

эмитентке материалдық зиян әкеліп отырған төтенше жағдайлар, сондай-ақ өзге де жағдайлар бар, бірақ ол оның қызметін тоқтатуға әкеп соққан жоқ;

4) шекті - эмитенттің қаржылық жай-күйінің тұрақты төмендеуі шекті деңгейге жетті:

төлем қабілетсіздігі, эмитенттің банкрот болу мүмкіндігі немесе өзге қайта ұйымдастырылу мүмкіндігі;

шарт талаптарының бұзылуы (пайыздардың немесе борыштың негізгі сомасының төленбеуі немесе төлем жасау мерзімдерінің бұзылуы);

қағаз ұстаушының басқаша жағдайда жасалмауы мүмкін мүмкіндікті эмитентке жасауы;

эмитентте оған материалдық зиян әкеп соққан және (немесе) оның қызметін жалғастыруға мүмкіндік бермейтін төтенше жағдайлар бар.

25. Эмитенттің кредиттік рейтингісінің төмендеуі құнсыздануды растау болып табылмайды. Барлық оқиғаларды басқа қол жетімді деректер жиынтығымен қарастыру қажет.

26. Қаржы құралдарының құнсыздануынан ықтимал шығындарға қарсы резервтерді (провизияларды) қалыптастыру немесе қаржы құралдарының құнын азайтуды жүзеге асыру Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес айқындалатын ең төменгі мөлшерде айдың соңғы жұмыс күніне дейін жеті жұмыс күні бұрыннан ерте емес жүргізіледі.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің құнсыздануынан ықтимал шығындарды жабуға провизияларды қалыптастыру мөлшері бойынша шешімді зейнетақы активтерін басқарушының қаржы құралдарын бағалау жөніндегі комитет қабылдайды.

27. Қағидалардың 1 және 2-қосымшаларына сәйкес есептелген резерв (құнды түзету) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Инвестициялық портфельді басқаруды немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2010 жылғы 1 ақпандағы № 4 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6090 тіркелген), «Жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2011 жылғы 1 шілдедегі № 69 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7118 тіркелген) қаулыларымен белгіленген тәртіппен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша бухгалтерлік есепте көрсетіледі.

28. Қаржы құралдарының құнсыздануынан ықтимал шығындарға қарсы резервтердің (провизиялардың) мөлшері немесе қаржы құралдарының құнын азайтуының мөлшері қаржы құралдарының құнсыздануынан немесе қаржы құралдарының құнын азайтуынан ықтимал шығындарды жабуға бұрын қалыптастырылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруді ескере отырып, қаржы құралдарының ағымдағы құнынан есептеледі.

*Қаржы құралдарының құнсыздануын немесе құнын азайтуын тану
критерийлері*

	Критерий атауы	Баллдар саны
1	Қаржылық жай-күйі:	
1.1	Тұрақты	+0
1.2	Қанағаттанарлық	+1
1.3	Тұрақты емес	+2
1.4	Шекті	+7
2	Шығарылған қаржы ұйымдары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу кезінде мерзімін кешіктіру:	
2.1	Мерзімін кешіктірудің болмауы	-1
2.2	Мерзімді 7 күнтізбелік күнге дейін кешіктіру	+0
2.3	Мерзімді 8 күнтізбелік күннен 15 күнтізбелік күнге дейін кешіктіру	+1
2.4	Мерзімді 16 күнтізбелік күннен 30 күнтізбелік күнге дейін кешіктіру	+2
2.5	30 күнтізбелік күннен астам	+3
2.6	Күнтізбелік 1 жылдан астам	+4
3	Кепілдіктің болуы:	
3.1	Қазақстан Республикасы мемлекетінің (негізгі борыш пен сыйақыға 100%-ға кепілдік беру кезінде)	-4
3.2	Қазақстан Республикасы мемлекетінің (негізгі борыш пен сыйақыға 100%-ға кем кепілдік беру кезінде)	(Баллдар сомасы «-4»-тен бастап кепілдік мөлшеріне шамалас есептеледі)
3.3	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А-» төмен емес рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттің	-3
3.4	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің	-3
3.5	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А-» төмен емес рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетелдік эмитенттің	-2
3.6	Кепілдіксіз	+0
4	Рейтингінің болуы:	
4.1	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А»-дан төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы	-4
4.2	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А»-тен «BBB»-ке дейінгі немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы	-3
4.3	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB»-тен «B»-ке дейінгі немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы	-2
4.4	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B»-тен төмен немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі бағасы	+3

5	Рейтингісі жоқ	
5.1	«Бірінші шағын санаттың (ең жоғары санат) рейтингілік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар» шағын санатына енгізілген борыштық бағалы қағаздар	-1
5.2	«Екінші шағын санаттың (ең жоғары санаттан кейінгі) рейтингілік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар» шағын санатына енгізілген борыштық бағалы қағаздар	+0
5.3	Қазақстан Республикасының ұйымдарымен Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, қор биржасымен танылған рейтингілік агенттіктерінің бағалары бар қор биржасының ресми тізіміне енгізілген борыштық бағалы қағаздар	+1
6	Қор биржасы ресми тізімінің «акциялар» секторындағы бірінші санатқа (ең жоғары) енгізілген эмитенттер акциялары және олар бойынша депозитарлық қолхаттар	-1
6.1	Қор биржасы ресми тізімінің «акциялар» секторындағы екінші санатқа (ең жоғары) енгізілген эмитенттер акциялары және олар бойынша депозитарлық қолхаттар	0
7	Қор биржасының ресми тізімінің «буферлік санатына» эмитенттің өз міндеттемелері бойынша сыйақы төлеу бойынша дефолтқа ұшыраған жағдайда енгізілген борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, қор биржасының ресми тізімінің «буферлік санатына» енгізілген борыштық бағалы қағаздары	+1
8	Дефолт, делистинг немесе рейтингінің төмендеуі	+2
9	Бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру (уәкілетті органның орналастыруды тоқтата тұру туралы шешімі)	+2
10	Ақпараттың болмауы	+10

*Қаржы құралдарының құнсыздануынан ықтимал шығындарды жабуға
резервтердің (провизиялардың) мөлшері немесе құнын азайту мөлшері*

Баллдар сомасы	Қаржы құралдарының жіктелу санаты	Резервтердің (провизиялардың) қажетті мөлшері
1	Стандартты	0 %
2-4	1 - санатты күмәнді	10 %
5-7	2 - санатты күмәнді	15 %
8-10	3 - санатты күмәнді	25 % (35 %)
11-12	Қанағаттанарлық емес	50 % (70 %)
12-ден жоғары	Үмітсіз	90 %

Кестеге түсіндірмелер:

Осы критерийлер қаржы құралдарының құнсыздануы немесе қаржы құралдарының құнын азайту үшін пайдаланған кезде рейтингтік бағасы және листинг санаты болған кезде есепке рейтингтік бағасы алынады.

1-ге дейінгі (қоса алғанда) баллдар сомасы алынған кезде қаржы құралы стандартты болып жіктеледі.

2-ден 4-ке дейін (қоса алғанда) тең баллдар сомасы болған кезде қаржы құралы 1-санатты күмәнді болып жіктеледі, провизиялардың 10 (он) пайызы қалыптастырылады.

5-тен 7-ге дейін (қоса алғанда) тең баллдар сомасы болған кезде қаржы құралы 2-санатты күмәнді болып жіктеледі, провизиялардың 15 (он бес) пайызы қалыптастырылады.

8-ден 10-ға дейін (қоса алғанда) тең баллдар сомасы болған кезде қаржы құралы 3-санатты күмәнді болып жіктеледі, мыналар:

борыштық бағалы қағаздар және банк салымдары бойынша провизиялардың 25 (жиырма бес) пайызы; акциялар бойынша провизиялардың 35 (отыз бес) пайызы қалыптастырылады.

11-ден 12-ге дейін (қоса алғанда) тең баллдар сомасы болған кезде қаржы құралы қанағаттанарлықсыз болып жіктеледі, мыналар:

борыштық бағалы қағаздар және банк салымдары бойынша провизиялардың 50 (елу) пайызы; акциялар бойынша провизиялардың 70 (жетпіс) пайызы қалыптастырылады.

12-ден жоғары баллдар сомасы болған кезде бағалы қағаз үмітсіз деп жіктеледі, провизиялардың 90 (тоқсан) пайызы қалыптастырылады. Эмитенттің борыштық бағалы қағазы және (немесе) банк салымы үмітсіз деп жіктелген жағдайда осы эмитенттің акциясы бір мезгілде нөлге дейін есептен шығарылады.

Қаржы құралы эмитенті банкрот болған кезде осы қаржы құралы бір мезгілде нөлге дейін есептен шығарылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2013 жылғы 26 шілде

№ 187

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беру қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) бекітілсін.

2. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы, жинақтаушы зейнетақы қорлары, жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан банктері, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан банкі және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін беру жөніндегі іс-шаралар жоспарларында көзделген рәсімдердің орындалуын қамтамасыз етсін.

3. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы және жинақтаушы зейнетақы қорлары жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қабылдау-өткізу графигінде көзделген мерзімдер өткен соң үш жұмыс күнінен кешіктірмей Қағидалардың 11, 20, 26, 29 және 31-тармақтарында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы есептерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетіне ұсынсын.

4. Осы қаулы 2013 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылғы 28 тамызда № 8671 тіркелген*

*Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша
зейнетақы активтері мен міндеттемелерін бірыңғай
жинақтаушы зейнетақы қорына беру
қағидалары*

Осы Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беру тәртібін белгілейді.

1. Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) график - жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қабылдау-өткізу графигі;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры - зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

3) жинақтаушы зейнетақы қоры - зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметті жүзеге асырған, лицензиясының қолданылуы Заңның 73-бабының 4-тармағына сәйкес тоқтатылған заңды тұлға;

4) іс-шаралар жоспары - жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беру жөніндегі іс-шараларды, олардың орындалу мерзімдерін және жауапты адамдарды, сондай-ақ құжаттар мен жинақтаушы зейнетақы қорының бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беретін ақпараттың тізбесін айқындайтын құжат;

5) сақтандыру ұйымы - «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыруға уәкілетті органның лицензиясы бар сақтандыру ұйымы;

6) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті;

7) уәкілетті ұйым (бұдан әрі - Орталық) - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беру графикке сәйкес жүзеге асырылады және Қағидалардың 11, 20, 26, 29 және 31-тармақтарына сәйкес жасалған зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қабылдау-өткізу актілерімен ресімделеді.

3. Графикті уәкілетті орган әзірлейді, уәкілетті органының бірінші басшысының немесе оның орынбасарының шешімімен бекітіледі және бекітілген күнінен бастап екі жұмыс күн ішінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, жинақтаушы зейнетақы қорларының, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан банкінің, жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан банктерінің, жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқарушының және Орталықтың атына жіберіледі.

4. Графикте:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бірінші басшысының немесе оның орынбасарының шешімімен оның бекітілген күні;

2) мыналарды:

бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылған ақпарат жүйесінің дерекқорында әрбір жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарын ашу және осы жеке зейнетақы шоттарына салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының сомаларын аудару үшін қажетті деректерді;

Қағидалардың 9 және 25-тармақтарында көзделген құжаттар мен ақпаратты беру мерзімдерінің басталған және аяқталған күндерін қоса алғанда, жинақтаушы зейнетақы қорларының (зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беру мерзімдерінің басталған және аяқталған күндері;

3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың, жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан банктерінің және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан банкінің толық атауы туралы ақпарат бар.

5. Графикке өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бірінші басшысының немесе оның орынбасарының шешімі негізінде уәкілетті орган енгізеді және олар графикке енгізілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген тұлғалардың аттарына жіберіледі.

6. Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қабылдауды қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры әр жинақтаушы зейнетақы қоры бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлейді және оны осы жинақтаушы зейнетақы қорымен келіседі.

Графикте көрсетілген, жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін бере бастаған күннен бастап сегіз жұмыс күнінен кешіктірмей, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, жинақтаушы зейнетақы қорының, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан банкінің, жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан банкінің, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның (ол болған кезде) бірінші басшылары немесе олардың орнындағы адамдар қол қойған іс-шаралар жоспары келісуге уәкілетті органға жіберіледі.

7. Уәкілетті орган ұсынылған іс-шаралар жоспарын қарайды және жоспарланған іс-шаралардың тізбесімен және (немесе) оларды іске асыру мерзімдерімен келіспеген жағдайда, іс-шаралар жоспарын алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері және міндеттемелері іс-шаралар жоспарына сәйкес беруге жоспарланып отырған бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және жинақтаушы зейнетақы қорының атына ескертулерімен бірге хат жібереді.

Уәкілетті органның ескертулері ескеріле отырып түзетілген іс-шаралар жоспары уәкілетті органның хатын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде уәкілетті органға ұсынылады.

8. Іс-шаралар жоспарында:

1) жинақтаушы зейнетақы қорының салымшыларын (алушыларын) жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері және міндеттемелерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына берудің басталғаны туралы және Қағидалардың 19-тармағында көзделген іс-шаралардың аяқталғаны туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының интернет-ресурсында тиісті ақпарат жариялау арқылы хабардар ету;

2) жинақтаушы зейнетақы қоры, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және Орталық арасында ақпарат алмасу тәртібі;

3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жинақтаушы зейнетақы қорының салымшыларына (алушыларына) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылған ақпарат жүйесінің базасында жеке зейнетақы шоттарын ашуы және салымшылардың (алушылардың) осы жеке зейнетақы шоттарына зейнетақы жинақтарын аударуы;

4) жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының (алушыларының) жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылған ақпарат жүйесінің базасындағы жеке зейнетақы шоттарын жинақтаушы зейнетақы қорының жабуы;

5) жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының есепке қоюы;

6) жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін графикке сәйкес қабылдау кезеңінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры алған зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініштер бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының міндеттемелерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының орындауы;

7) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қабылдау-өткізу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және жинақтаушы зейнетақы қорының бағдарламалық-техникалық құралдарының және автоматтандырылған ақпарат жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

8) жинақтаушы зейнетақы қорының (зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның) қағаз және электрондық тасымалдағыштардағы құжаттар мен ақпаратты бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беруі, сондай-ақ оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының сақтауы және одан әрі пайдалануы;

9) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына өткізілмеген қағаз және электрондық тасымалдағыштардағы құжаттар мен ақпаратты жинақтаушы зейнетақы қорының сақтау үшін мұрағатқа беруі жөніндегі іс-шараларды;

10) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері және міндеттемелерін қабылдау барысында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жинақтаушы зейнетақы қорымен, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан банкімен, жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан банкімен, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйыммен (ол бар болса) және Орталықпен өзара іс-әрекет жасауын болжайтын басқа іс-шараларды;

11) іс-шаралар жоспарына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтау үшін мұрағатқа беруге жатпайтын ақпарат пен құжаттарды жою жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда, зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін жинақтаушы зейнетақы қорының беруін және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қабылдауын қамтамасыз ету үшін қажетті іс-шараларды жүргізу (іске асыру) тәртібі көзделеді.

9. Жинақтаушы зейнетақы қорлары (зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар) мынадай құжаттар мен ақпаратты графикте белгіленген мерзімдерде өткізеді, ал бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры қабылдайды:

1) қолданыстағы (ашылған) зейнетақы шарттары бар салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарынан және оларға қатысты зейнетақы жинақтарының төлемдері жүзеге асырылған және сақтандыру ұйымдарына зейнетақы жинақтары аударылған алушылардың жеке зейнетақы шоттарынан ағымдағы және тарихи деректер;

2) барлық құжаттары қоса берілген қолданыстағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттардың және оларға қосымша келісімдердің түпнұсқалары;

3) жинақтаушы зейнетақы қоры бұрын жүргізген зейнетақы жинақтарының төлемдері және сақтандыру ұйымдарына зейнетақы жинақтарының аударымдары бойынша құжаттардың түпнұсқалары мен ақпарат;

4) мыналарды қоса алғанда, жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық қызметі бойынша құжаттар:

инвестициялық комитеттің отырыстары хаттамаларының түпнұсқалары;

қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға ұсынымдардың түпнұсқалары, ұсынымдар жасалған кезде пайдаланылған құжаттар мен ақпарат қоса беріледі;

тәуекелді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшенің қаржы құралдарымен жасалған мәміле бойынша қорытындыларының түпнұсқалары;

инвестициялық шешімдердің түпнұсқалары;

зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың не зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қорының қаржы құралдарымен мәміле жасау жөніндегі клиенттік тапсырыстарының (жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін есепке алуға арналған шоты бойынша операциялар жасау жөніндегі бұйрықтардың) түпнұсқалары;

ұйымдастырылған, ұйымдастырылмаған нарықта, халықаралық (шетелдік) нарықта мәмілелердің жасалуын және тіркеуін растайтын құжаттардың (trade ticket, trade confirmation, биржалық куәлік,

қаржы құралдарын сатып алу-сату шарты, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың клиенттік тапсырыстарды орындағаны (орындамағаны) туралы есептері) түпнұсқалары;

мәмілелері халықаралық (шетелдік) нарықты жасалған борыштық бағалы қағаздары шығарылымының индикативтік шарттары (бар болса);

екінші деңгейдегі банктермен жасалған банктік салым шарттарының түпнұсқалары;

қабылданған инвестициялық шешімдердің, зейнетақы активтері есебінен жасалған және орындалған мәмілелердің журналдары (құжаттарды және ақпаратты бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беруді бастау күніне дейінгі бес жылға);

зейнетақы активтері бойынша айналым-сальдо ведомостары (соңғы есепті күніне және құжаттарды және ақпаратты бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына тапсыру күніне);

зейнетақы активтері бойынша бухгалтерлік баланс (соңғы есепті күніне және жинақтаушы зейнетақы қорының бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына зейнетақы активтерін және зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттары бойынша міндеттемелерді беру мерзімінің басталу күніне);

пайда және шығындар туралы есеп (соңғы есепті күніне және жинақтаушы зейнетақы қорының бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына зейнетақы активтерін және зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттары бойынша міндеттемелерді беру мерзімінің басталу күніне);

құжаттарды және ақпаратты бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беруді бастау күнінің алдындағы үш жылдағы төлемдер бойынша ай сайынғы есептер;

жинақтаушы зейнетақы қорының (зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның) бүкіл жұмыс істеген кезеңіне инвестициялық басқарудағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы ай сайынғы анықтамалар;

зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есептер (жинақтаушы зейнетақы қорының бүкіл жұмыс істеген кезеңдегі әрбір есепті айдың бірінші күніне және жинақтаушы зейнетақы қорының бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына зейнетақы активтерін және зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша міндеттемелерді беру мерзімінің басталу күніне);

комиссиялық сыйақы, зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы, зейнетақы активтері бойынша ақша қозғалысы бойынша салыстырып тексеру актілерін қоса алғанда, кастодиан банкпен салыстырып тексеру актілерінің түпнұсқалары (құжаттарды және ақпаратты бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беруді бастау күнінің алдындағы бес жылға);

зейнетақы активтері бойынша жылдық есеп, зейнетақы активтері бойынша жылдық есептерді және баланстарды әзірлеу және талдау бойынша талдамалық кестелер, құжаттар мен ақпаратты бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беруді бастау күнінің алдындағы бес жылға (жинақтаушы зейнетақы қоры растаған көшірмелер);

меншікті активтері есебінен өтелуі тиіс номиналдық кіріс пен кірістіліктің ең төменгі мәні арасындағы айырманы өтеу жөніндегі құжаттардың түпнұсқалары (жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның бүкіл жұмыс істеген кезеңі бойынша);

зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдары бойынша эмитенттерден берешекті өндіріп алу жөніндегі құжаттардың (сот актілері, атқарушылық іс жүргізу жөніндегі құжаттар) түпнұсқалары;

5) іс-шаралар жоспарында айқындалған тізбеге сәйкес өзге де құжаттар мен ақпарат.

10. Қағидалардың 9-тармағының 1) тармақшасында және 4) тармақшасының оныншы абзацында көрсетілген ақпарат электрондық тасымалдағышпен ұсынылады.

Қағидалардың 9-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттар:

1) қағаз тасымалдағышпен ұсынылады;

2) Іс қағазы жылдар бойынша қалыптастырылады, нөмірленеді, тігіледі. Әрбір іс қағазы 250 парақтан аспайды және оған ішкі тізілім қосылады, ол қағаз тасымалдағышта екі данада жасалады (бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына электрондық нұсқаны ұсына отырып), оған жасаушы лауазымын және қол қоятын күнін көрсете отырып, қол қояды және жинақтаушы зейнетақы қорының (зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның) мөрімен расталады.

Сақтау мерзімі уақытша құжаттар Қағидалардың 9-тармағының 4) тармақшасына сәйкес сол тәртіппен, бірақ ішкі тізімдемені көрсетпей қалыптастырылады.

11. Жинақтаушы зейнетақы қорларының (зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына Қағидалардың 9-тармағында көзделген құжаттар мен ақпаратты электрондық және қағаз тасымалдағышта беруі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және жинақтаушы зейнетақы қорының (зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың) бірінші басшылары немесе олардың орнындағы адамдар қол қойған және олардың мөрлерімен бекітілген құжаттарды қабылдау-өткізу актілерімен ресімделеді.

Қағаз тасымалдағыштағы құжаттарды қабылдау-өткізу актілерінде олардың әрқайсысы бойынша іс қағаздары атауларының тізбесі, іс қағазының жылы және парақтар саны көрсетіледі.

12. Қағидалардың 9, 10 және 11-тармақтарында көзделген талаптар Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы болып қайта тіркелген жинақтаушы зейнетақы қорына қолданылмайды.

13. Жинақтаушы зейнетақы қоры:

1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді беру басталған күні мыналарды электронды форматта қалыптастырады және Орталық пен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жібереді:

міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасаған міндетті зейнетақы жарналарын (төлемдерін) салымшылардың (алушылардың) тізімін;

жасалған шарт туралы ақпараты жоқ жинақтаушы зейнетақы қорында ашық жеке зейнетақы шоты бар салымшылардың тізімін;

ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар жасаған салымшылардың (алушылардың) тізімін;

ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар жасаған салымшылардың (алушылардың) тізімін;

зейнетақы жинақтарының сомалары «анықталғанға дейінгі басқа да сомалар» шотында есептелетін салымшылардың (алушылардың) тізімін;

кредиторды анықтау мүмкін емес зейнетақы активтері бойынша кредиторлық берешектің тізімі;

2) салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары және «анықталғанға дейінгі басқа да сомалар» шоты жабылған күннен бастап бір күнтізбелік күннен кешіктірмей мыналарды электронды форматта қалыптастырады және Орталық пен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жібереді (CD - дискімен):

сақтандыру ұйымына қолданылып жүрген зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттары бойынша онымен жасалған зейнетақы аннуитеті шарты негізінде зейнетақы жинақтарын аударуға байланысты салымшылардың (алушылардың) төлемге арналған орындалған өтініштерінің тізімін;

міндетті зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары, ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен қолданылып жүрген зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт бойынша салымшылардың (алушылардың) төлемге арналған орындалған өтініштерінің тізімін;

3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді беру басталған күннен бастап он бес күнтізбелік күннен кешіктірмей Орталыққа және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына электрондық тасымалдағышта (CD - дискімен):

міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы тоқтатылған шарттар бойынша міндетті зейнетақы жарналарын салымшылардың (алушылардың) тізімін;

ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы тоқтатылған шарттар бойынша ерікті зейнетақы жарналарын салымшылардың (алушылардың) тізімін;

ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы тоқтатылған шарттар бойынша ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын салымшылардың (алушылардың) тізімін;

кредиторлық берешегі өтелген зейнетақы жинақтарының сомалары «анықталғанға дейінгі басқа да сомалар» шотында есептелетін салымшылардың (алушылардың) тізімін;

міндетті зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары, ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы тоқтатылған шарттар бойынша онымен жасалған зейнетақы аннуитеті шарты негізінде сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтарын аударуға байланысты салымшылардың (алушылардың) төлемге арналған орындалған өтініштерінің тізімін;

міндетті зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары, ерікті кәсіби зейнетақы жарналары

есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы тоқтатылған шарттар бойынша салымшылардың (алушылардың) төлемге арналған орындалған өтініштерінің тізімін;

4) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді беру басталған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей Орталыққа және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына электрондық тасымалдағышта (CD - дискімен) жинақтаушы зейнетақы қорының қызметінің барлық кезеңінде жүзеге асырылған салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары бойынша, салымшылардың (алушылардың) деректемелерін өзгерту бойынша операциялар туралы ақпаратты.

14. Қағидалардың 9-тармағының 1) тармақшасында және 13-тармағында көрсетілген тізімдер мен ақпарат форматтарын толтыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Директорлар кеңесінің қаулысымен бекітіледі және уәкілетті орган олар бекітілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей жинақтаушы зейнетақы қорларының және Орталықтың атына жібереді.

Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген салымшылар (алушылар) бойынша ақпарат инвестициялық портфельдің түрі (қалыпты немесе консервативті) көрсетіле отырып беріледі.

15. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры автоматтандырылған ақпараттық жүйенің деректер базасында жинақтаушы зейнетақы қорынан ақпаратты алған күні:

1) Қағидалардың 13-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген салымшылардың (алушылардың) тізімдері бойынша кредиторларды анықтау мүмкін емес зейнетақы активтері бойынша кредиторлық берешекті есепке алу үшін салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарын және «анықтағанға дейінгі басқа да сомалар» шоттарын ашады;

2) салымшылардың (алушылардың) тізімдері бойынша Қағидалардың 13-тармағының 1) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген салымшыларға (алушыларға) жеке зейнетақы шоттарын ашу туралы Орталыққа хабарлама жібереді;

3) жинақтаушы зейнетақы қорына Қағидалардың 13-тармағының 1) тармақшасының төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтарында көрсетілген салымшыларға (алушыларға) жеке зейнетақы шоттарын ашу туралы ақпаратты жібереді.

16. Орталық бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан Қағидалардың 13-тармағының 1) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген салымшылар (алушылар) тізімдері бойынша мәліметтерді алған күні:

1) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасаған жеке тұлғалардың бірыңғай тізімінде жинақтаушы зейнетақы қоры белгісін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына өзгертеді;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасаған жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміне ақпараттың енгізілгендігі немесе енгізілмегендігі туралы хаттаманы жібереді;

3) жинақтаушы зейнетақы қорына салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарын жабу туралы ақпаратты жібереді.

17. Жинақтаушы зейнетақы қоры:

Орталық берген ақпарат негізінде автоматтандырылған ақпарат жүйесі базасында Қағидалардың 13-тармағының 1) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарын жабуды жүзеге асырады;

бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры берген ақпарат негізінде автоматтандырылған ақпарат жүйесі базасында Қағидалардың 13-тармағының 1) тармақшасының төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтарында көрсетілген салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарын және «анықталғанға дейінгі басқа да сомалар» шоттарын жабуды жүзеге асырады.

18. Егер міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасаған жеке тұлғалардың бірыңғай тізімінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында жеке зейнетақы шоттары ашылған салымшы (алушы) бар болса, онда осы салымшыға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры жаңа жеке зейнетақы шотын ашпайды, оның зейнетақы жинақтарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында ашылған жеке зейнетақы шотына есептеуді жүзеге асырады.

Егер жинақтаушы зейнетақы қоры ұсынған міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасаған салымшылардың тізіміне сәйкес салымшылардың (алушылардың) деректемелері жеке тұлғалардың бірыңғай тізімімен сәйкес келмеген не осы тізімде болмаған жағдайда,

онда осы салымшыға (алушыға) жинақтаушы зейнетақы қоры берген деректемелерімен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында жаңа жеке зейнетақы шоты ашылады.

19. Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген тізімдерді жинақтаушы зейнетақы қоры электрондық тасымалдағышта (CD - дискте) сақтайды және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры тексереді.

Тексеруден соң бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының өкілдері жинақтаушы зейнетақы қоры және Орталық өкілдерінің қатысуымен Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген тізімдердің қосымша үш көшірмесін CD - дискілерде жасайды, олар мөр басылып, пломбаланады және қабылдау-өткізу актісі бойынша беріледі.

Мөр басылған және пломба салынған электрондық тасымалдағыштың екі данасы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беріледі және мөр басылған және пломба салынған электрондық тасымалдағыштың екі данасы Орталыққа қорына беріледі.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мөр басылған және пломба салынған электрондық тасымалдағыштың бір данасын жұмыс істеу үшін пайдаланады, екінші данасын резервтік көшірме ретінде тұрақты негізде сақтайды.

Орталық мөр басылған және пломба салынған электрондық тасымалдағыштың бір данасын жұмыс істеу үшін пайдаланады, екінші данасын резервтік көшірме ретінде тұрақты негізде сақтайды.

20. Қағидалардың 13-тармағында көзделген ақпаратты жинақтаушы зейнетақы қорының бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беруі жинақтаушы зейнетақы қорының және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының бірінші басшылары немесе олардың орнындағы адамдар қол қойған және олардың мөрлерімен расталған қабылдау-өткізу актісімен ресімделеді.

21. Жинақтаушы зейнетақы қоры бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді беру басталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей:

зейнетақы активтері есебінен қаржы құралдарын сатып алу және (немесе) сату бойынша мәмілелер жасауды тоқтатады;

зейнетақы активтері есебінен жасалған «кері «репо» операцияларын жабуды қамтамасыз етеді;

тиісті шарттарды бұзуға дейін қалған күндерді ескере отырып қор биржасына, орталық депозитарийге, брокерлерге және (немесе) дилерлерге комиссия төлеуді жүзеге асырады.

22. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді беру кезеңінде жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы жинақтары салымшыларына (алушыларына) төлемдерді және қате есептелген сомаларды қайтаруды жүзеге асырмайды.

23. Жүзеге асыру мерзімі графикте белгіленген жинақтаушы зейнетақы қорының бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді беру басталған күннен және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылған ақпарат жүйесі деректер базасында салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарын оларға жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы жинақтарын есептеумен ашуды аяқтауға дейінгі кезеңге сәйкес келетін зейнетақы төлемдері бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылған ақпарат жүйесінің деректер базасында зейнетақы төлемдерін алушыға жеке зейнетақы шоты ашылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде жүзеге асырылады.

24. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры әр жинақтаушы зейнетақы қоры үшін графикте белгіленген зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді беру басталған күні операциялық күнді ашады және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылған ақпарат жүйесі деректер базасында осы жинақтаушы зейнетақы қорының салымшыларына (алушыларына) жеке зейнетақы шоттарын ашу аяқталған және оларға зейнетақы жинақтарының тиісті сомасы есептелген соң оны жабады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры операциялық күн жабылғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тиісті нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген кезеңділікке сәйкес графикте белгіленген зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді беру басталған күннен бастап зейнетақы активтерінің шартты бірлігін есептеуді жүзеге асырады.

25. Зейнетақы активтері есебінен қалыптастырылған жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфельін құрайтын қаржы құралдары туралы ақпарат бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры кастодиан банкіне Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес

электрондық форматта беріледі.

26. Қағидалардың 25-тармағында көзделген ақпаратты беру бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, жинақтаушы зейнетақы қорының, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры кастодиан банкінің, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың (ондайлар бар болса) басшылары және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бірінші басшысы немесе оның орынбасары қол қоятын қабылдау-өткізу актісімен ресімделеді.

27. Қағидалардың 25-тармағында көзделген ақпаратты қабылдау-өткізу актісі мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) беру күніне зейнетақы активтерінің жалпы сомасы, оның ішінде:

ұлттық және шетел валюталарындағы шоттардағы инвестицияланбаған ақша қалдығы;

ұлттық сәйкестендіру нөмірін, айналыста болу мерзімін, санын, сатып алған бағасын, акция үшін бір бағалы қағаздың ағымдағы құнын және облигация үшін номиналдан пайызбен бағасын, пайыз бен дивидендтер бойынша есептелген кірісті көрсете отырып берілетін бағалы қағаздардың жиынтық құны;

банктің атауын, салым сомасын, банктік салым шартын жасау күнін, шарттың қолданылу мерзімін, салым бойынша сыйақының жылдық мөлшерлемесін, салым бойынша есептелген және алынған сыйақы сомаларын көрсете отырып екінші деңгейдегі банктердегі салымдар;

басқа қаржы құралдарының сомасын, санын және осы қаржы құралдарына тән қосымша сипаттамаларды көрсете отырып олардың тізбесі;

зейнетақы активтері бойынша міндеттемелер сомасы, оның ішінде қате есептелген сомалар;

зейнетақы активтерін және зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша міндеттемелерін беру күнінің алдындағы күннің соңына зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құнын есептеу:

инвестициялық портфельдің (қалыпты және консервативті) әрбір түрі бойынша;

жиынтық инвестициялық портфель бойынша.

28. Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде кастодиан банктің жеке шоты шеңберінде ашылған жинақтаушы зейнетақы қорының қосалқы шотынан бағалы қағаздарды есептен шығару және оларды орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жеке шоты шеңберінде ашылған бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қосалқы шотына есептеу бойынша операцияларды орталық депозитарий жинақтаушы зейнетақы қоры кастодиан банкінің және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры кастодиан банкінің екі қарсы бұйрықтарының негізінде жүргізеді.

Қаржы құралдарын аударуды тіркеуге бұйрықтың нысаны Қағидалардың 2-қосымшасында айқындалған.

29. Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде кастодиан банктің жеке шоты шеңберінде ашылған жинақтаушы зейнетақы қорының қосалқы шотынан бағалы қағаздарды есептен шығару және оларды орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жеке шоты шеңберінде ашылған бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қосалқы шотына есептеу бойынша операциялар тіркелгеннен кейін орталық депозитарий (орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ескерілетін қаржы құралдары бойынша), жинақтаушы зейнетақы қорының және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан банктері бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қосалқы шотындағы бағалы қағаздардың қалдықтарын жинақтаушы зейнетақы қорының қосалқы шотынан есептен шығарылған бағалы қағаздардың қалдықтарымен салыстырып тексереді.

Салыстырып тексеру тараптардың салыстырып тексеруге қатысатын уәкілетті өкілдері қол қоятын және олардың мөрлерімен расталған қабылдау-өткізу актісімен ресімделеді.

30. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылған ақпарат жүйесінің деректер базасында барлық салымшыларға (алушыларға) жеке зейнетақы шоттарын ашу және оларға жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы жинақтарын есептеу аяқталған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) тізімін міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасаған жеке тұлғалардың бірыңғай тізімімен салыстырып тексереді.

31. Сақтау мерзімі біткен құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларының (зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар) автоматтандырылған ақпарат жүйесінің деректер базасында сақталатын ақпарат жойылуы тиіс.

Әрбір жеке жинақтаушы зейнетақы қоры (зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар) бойынша іс-шаралар жоспарында көзделген мерзімдерге сәйкес бірыңғай

жинақтаушы зейнетақы қорының және жинақтаушы зейнетақы қорының (зейнетақы активтері инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар) органдарының тиісті шешімдері негізінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және жинақтаушы зейнетақы қорының (зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар) өкілдерінен комиссия құрылады, ол Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мәліметтерді жояды.

Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көзделген мәліметтерді және құжаттарды жою туралы актіде жойылған құжаттардың тізбесі және қағаз және электрондық тасымалдауыштардағы ақпарат болады және актіге бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және жинақтаушы зейнетақы қорының бірінші басшылары немесе олардың орнындағы тұлғалар қол қояды және олардың мөрлерімен расталады.

32. Қағидалардың 9 және 25-тармақтарына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорларына берілмеген және Қағидалардың 31-тармағына сәйкес жойылмаған құжаттарды сақтау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 1570 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беру [қағидаларына](#) 1-қосымша

**2013 жылғы «___» _____ жағдай бойынша
жинақтаушы зейнетақы қорының (жинақтаушы зейнетақы қорының атауы) зейнетақы активтері есебінен қалыптастырылған
инвестициялық портфелі**

1-бөлік

Портфель түрі	Бағалы қағаздың типі	Бағалы қағаздың ұлттық сәйкестендіру нөмірі	ISIN	Таудару күні	Номинал / бағалы қағаз шығарылымының валютасы	Саны	Номиналдық құны	Номинал шығарылым валютасындағы ағымдағы (баланс) құны	Ағымдағы (баланс) құны теңгемен	T күнінің басында номинал валютасында есептелген купон	T күнінің басында теңгемен есептелген купон
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Сату											
Өтеу											

кестенің жалғасы

Номинал валютасындағы купонға провизиялардың сомасы	Теңгемен купонға провизиялардың сомасы	Номинал валютасындағы негізгі борыштың сомасына провизиялардың сомасы	Теңгемен негізгі борыштың сомасына провизиялардың сомасы	Номинал валютасындағы мерзімі өткен купонға провизиялардың сомасы	Теңгемен мерзімі өткен купонға провизиялардың сомасы	Валютада мерзімі өткен негізгі борыштың сомасына провизиялардың сомасы	Теңгемен мерзімі өткен негізгі борыштың сомасына провизиялардың сомасы	1 бағалы қағаздың акция шығарылымының валютасындағы бағасы	1 бағалы қағаздың номиналдық құнына %-бен бағасы	1 бағалы қағаздың шығарылым валютасындағы номиналы
13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23

кестенің жалғасы

Номинал валютасындағы мерзімі өткен купонның сомасы	Мерзімі өткен купонның теңгемен сомасы	Мерзімі өткен негізгі борыштың валютадағы сомасы	Мерзімі өткен негізгі борыштың теңгемен сомасы	Ескерту
24	25	26	27	28

Кестені толтыру бойынша түсіндірме:

1. Портфель түрі: Сату - сатуға қолда бар және саудаға арналған бағалы қағаздар /Өтеу - өтеуге дейін ұсталып тұратын бағалы қағаздар.

2. БҚ типі: BOND - облигациялар, STOCK - акциялар (оның ішінде қолхаттар, депозитарлық қолхаттар).

3. Бағалы қағаздың ҰСН, эмиссия проспектісіне сәйкес толтырылады (дереккөзі «Қазақстан қор биржасы» АҚ).

4. Бағалы қағаздың ISIN, эмиссия проспектісіне сәйкес толтырылады (дереккөзі Bloomberg).

5. Т беру күні: зейнетақы активтерін беру күні графикке сәйкес толтырылады.

6. Номиналдың /БҚ шығарылымының валютасы: тиісті дереккөзден алынған бағалы қағаздың проспектісіне сәйкес толтырылады.

7. Бағалы қағаздардың саны: осы портфельдегі әр шығарылым бойынша бағалы қағаздардың жалпы саны толтырылады (жалпы позиция).

8. Номиналдық құны: облигациялар бойынша ғана толтырылады (7 баған * 23 баған).

9. Номинал/шығарылым валютасында ағымдағы (баланс) құны: үтірден кейін 2 белгіге дейін дөңгелектеп, есептелген сыйақысыз және провизиялардың сомасыз құны.

10. Теңгемен ағымдағы (баланс) құны: үтірден кейін 2 белгіге дейін дөңгелектеп, есептелген сыйақысыз және провизиялардың сомасыз құны.

11. Провизиялардың сомасын ескерусіз, Т күнінің басында номинал валютасында есептелген купон (дивиденд): үтірден кейін 2 белгіге дейін дөңгелектеп беріледі.

12. Провизиялардың сомасын ескерусіз, Т күнінің басындағы теңгемен есептелген купон: үтірден кейін 2 белгіге дейін дөңгелектеп беріледі.

13. Номинал валютасында купонға провизиялар сомасы: үтірден кейін 2 белгіге дейін дөңгелектеп беріледі.

14. Теңгемен купонға провизиялар сомасы: үтірден кейін 2 белгіге дейін дөңгелектеп беріледі.

15. Номинал валютасында негізгі борыш сомасына провизиялар сомасы: үтірден кейін 2 белгіге дейін дөңгелектеп беріледі.

16. Теңгемен негізгі борыш сомасына провизиялар сомасы: үтірден кейін 2 белгіге дейін дөңгелектеп беріледі.

17. Номинал валютасында мерзімі өткен купонға провизиялар сомасы: үтірден кейін 2 белгіге дейін дөңгелектеп беріледі.

18. Теңгемен мерзімі өткен купонға провизиялар сомасы: үтірден кейін 2 белгіге дейін дөңгелектеп беріледі.

19. Валютада мерзімі өткен негізгі борыштың сомасына провизиялар сомасы: үтірден кейін 2 белгіге дейін дөңгелектеп беріледі.

20. Теңгемен мерзімі өткен негізгі борыштың сомасына провизиялар сомасы: үтірден кейін 2 белгіге дейін дөңгелектеп беріледі.

21. Бір бағалы қағаздың акция шығарылымының валютасындағы бағасы: үтірден кейін 9 белгіге дейін дөңгелектеп, акциялар бойынша ғана толтырылады (9 баған / 7 баған).

22. 1 бағалы қағаздың номиналдық құнына пайызбен бағасы: 9 белгіге дейін дөңгелектеп, облигациялар бойынша ғана толтырылады (9 баған / 8*100 баған).

23. Шығарылым валютасында бір бағалы қағаздың номиналы: эмитенттің деректерімен облигациялар бойынша ғана толтырылады. «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да мен Bloomberg проспекті бар шығарылымдар бойынша номиналды Bloomberg деректері бойынша толтыру.

24. Номинал валютасында мерзімі өткен купонның сомасы: үтірден кейін 2 белгіге дейін дөңгелектеп, эмитент Т-1 күні жинақтаған, бірақ төлемеген купонның сомасы көрсетіледі.

25. Теңгемен мерзімі өткен купонның сомасы: үтірден кейін 2 белгіге дейін дөңгелектеп, эмитент Т-1 күні жинақтаған, бірақ төлемеген купонның сомасы көрсетіледі.

26. Номинал валютасында мерзімі өткен негізгі борыштың сомасы: үтірден кейін 2 белгіге дейін дөңгелектеп, айналыс мерзімі өткен және эмитент Т-1 күні берешегін өтемеген бағалы қағаз бойынша негізгі борыштық сомасы көрсетіледі.

27. Теңгемен мерзімі өткен негізгі борыштың сомасы: үтірден кейін 2 белгіге дейін дөңгелектеп, айналыс мерзімі өткен және эмитент Т-1 күні берешегін өтемеген бағалы қағаз бойынша негізгі борыштық сомасы көрсетіледі.

28. Ескерту: оқшауланған бағалы қағаздар, қосарлы сақтау орны бар бағалы қағаздар көрсетіледі.

2-бөлік

Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар бойынша мәліметтер

Р/с№	Банктің атауы	Банк коды	Салым валютасы	Салым мөлшер-лемесінің валютасы	Депонирлеу сомасы		Есептелген сыйақы (мүдде)	
					шетел валютасында	теңгемен	шетел валютасында	теңгемен
1	2	3	4	5	6	7	8	9
	Барлығы:				x		x	

кестенің жалғасы:

Ағымдағы құны(теңгемен) (7)+(9)	Депонирлеу күні	Депозит шартының күні және №	Салым мерзімі (күнмен)	Сыйақы (мүдде) мөлшерлемесі (жылдық %-бен)	Жинақталған сыйақыны (мүддені) төлеу күні (кезеңділігі)	Рейтинг / листинг салымды ашу күніндегі	есепті күні
10	11	12	13	14	15	16	17
	x	x	x	x	x	x	

3-бөлік

Шартты талаптар (міндеттемелер) бойынша мәліметтер

№	Баптың атауы	Базалық актив	Ұлттық сәйкестендіру нөмірі	Мәмілені жасау күніндегі құны	Туынды қаржы құралының есепті күніндегі ағымдағы құны
1	2	3	4	5	6
1	Шартты талаптар				
1.1	Қаржы фьючерстерін сатып алу бойынша шартты талаптар				
1.1.1					

1.1.n					
1.2	Қаржы форвардтарын сатып алу бойынша шартты талаптар				
1.2.1					
1.2.n					
1.3	Сатып алынған опцион келісім-шарттары - «колл»				
1.3.1					
1.3.n					
1.4	Сатып алынған опцион келісім-шарттары - «пут»				
1.4.1					
1.4.n					
1.5	Белгіленген пайыздық своп				
1.5.1					
1.5.n					
1.6	Құбылмалы пайыздық своп				
1.6.1					
1.6.n					
1.7	Қаржы фьючерстерін сату бойынша шартты талаптар				
1.7.1					
1.7.n					
1.8	Қаржы форвардтарын сату бойынша шартты талаптар				
1.8.1					
1.8.n					
1.9	Сатылған опцион келісім-шарттары - «пут» - қарсы шот				
1.9.1					
1.9.n					
1.10	Сатылған опцион келісім-шарттары - «колл» - қарсы шот				
1.10.1					
1.10.n					
1.11	Басқа да шартты талаптар				
1.11.1					
1.11.n					
2	Шартты міндеттемелер				
2.1	Қаржы фьючерстерін сатып алу бойынша шартты міндеттемелер				
2.1.1					
2.1.n					
2.2	Қаржы форвардтарын сатып алу бойынша шартты міндеттемелер				
2.2.1					
2.2.n					
2.3	Сатып алынған опцион келісім-шарттары - «колл» - қарсы шот				
2.3.1					
2.3.n					

2.4	Сатып алынған опцион келісім-шарттары - «пут» - қарсы шот				
2.4.1					
2.4.n					
2.5	Құбылмалы пайыздық своп				
2.5.1					
2.5.n					
2.6	Белгіленген пайыздық своп				
2.6.1					
2.6.n					
2.7	Қаржы фьючерстерін сату бойынша шартты міндеттемелер				
2.7.1					
2.7.n					
2.8	Қаржы форвардтарын сату бойынша шартты міндеттемелер				
2.8.1					
2.8.n					
2.9	Сатылған опцион келісім-шарттары - «пут»				
2.9.1					
2.9.n					
2.10	Сатылған опцион келісім-шарттары - «колл»				
2.10.1					
2.10.n					
2.11	Басқа да шартты міндеттемелер				
2.11.1					
2.11.n					

4-бөлік

Бағалы металдар бойынша мәліметтер

№	Бағалы металдың атауы	Троя унциясының саны
1	2	3
	Барлығы:	

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беру қағидаларына 2-қосымша

нысан

*Қаржы құралдарын
«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ға аударуды тіркеуге арналған бұйрық*

Күні _____ Шығыс нөмірі _____

Депоненттің толық атауы

Есептеу күні

		/			/				
--	--	---	--	--	---	--	--	--	--

Қатысушылар субшотының нөмірі

Жөнелтуші субшотының нөмірі

Алушы субшотының нөмірі

Қаржы құралдарының деректемелері

Р/с №№	Сәйкестендіру нөмірі (ҰСН, ISIN немесе өзге де сәйкестендіргіш)	Саны
1		
2		
...		

Бірінші қол _____

Екінші қол _____

Мөр орны

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қаласы

2013 жылғы 26 шілде

№ 199

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің есебінен инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің есебінен инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2013 жылғы 22 тамыздан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің есебінен инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау қағидалары

1. Осы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің есебінен инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің есебінен инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау тәртібін және мерзімдерін айқындайды.

2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы активтерінің есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді қаржы құралдарының атауы мен санын (номиналын), сондай-ақ осы қаржы құралдарына инвестициялар мөлшерінің бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфеліне пайыздық арақатынасын көрсете отырып, Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысанда мемлекеттік тілде және орыс тілінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

3. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы активтерінің есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді жариялау үшін кемінде он бес мың дана таралыммен шығарылатын және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарын пайдаланады және (немесе) көрсетілген ақпаратты Қағидалардың 4-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін интернет-ресурста орналастырады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфелінің құрылымы туралы деректерді жариялау (орналастыру) үшін пайдаланатын бұқаралық ақпарат құралдары туралы мәліметтерді бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы қағидаларына енгізеді.

4. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді орналастыру үшін пайдаланатын интернет-ресурстың сервері өткізгіштік қабілеті кемінде 20 Mbit/sec байланыс арнасы бойынша Интернет желісіне қосылады. Интернет желісіне қосылу үшін деректерді беру жылдамдығы 128 Kbit/sec болатын байланыс арнасын пайдаланатын Интернет желісін пайдаланушының интернет-ресурсының кез келген парағын іске қосу уақыты парақты графикамен және басқа элементтермен толықтыруға қарай 10 секундтан аспайды.

Интернет-ресурста ақпаратты орналастыру күні мен уақыты көрсетіледі, сондай-ақ олардың тұрақты сақталуы қамтамасыз етіледі.

5. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтер бұқаралық ақпарат құралдарында тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жарияланады (орналастырылады).

6. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтердегі деректер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тиісті есепті күнгі бағамы бойынша ұлттық валюта - теңгемен көрсетіледі.

7. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы активтерінің есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді жариялағаннан кейін он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде зейнетақы активтерінің есебінен инвестициялық портфелінің құрылымы

туралы мәліметтерді жариялау (орналастыру) үшін пайдаланылған бұқаралық ақпарат құралын көрсете отырып, растайтын құжаттардың қосымшаларымен бірге Қағидалардың 2 және 5-тармақтарының орындалғаны туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетіне ұсынады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының
зейнетақы активтерінің есебінен
инвестициялық портфелінің құрылымы
туралы мәліметтерді
бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының
бұқаралық ақпарат құралдарында
жариялау [қағидаларына](#)
қосымша

Нысан

*Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің
есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфелінің*

20 __ жылғы « ____ » « _____ » жағдай бойынша құрылымы

Эмитент- тің атауы және қаржы құралы ның түрі	Қаржы құралының сәйкестендіргіші	Номиналды құнның (базалық активтің) валютасы	Рейтингісі	Өтеу күні	Са ны (номи нал- дық құны)	Ағым дағы құны	Инвестиция лық портфельде гі үлес салмағы, %	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Кестені толтыру бойынша түсініктемелер:

1-бағанда қаржы құралы эмитентінің толық атауы және оның түрі (оның ішінде, «кері РЕПО» операциясының нәтижесінде алынған бағалы қағаз, тазартылған бағалы металл, туынды қаржы құралы, банк депозиті және басқалары) көрсетіледі.

2-бағанда бағасы белгіленетін қаржы құралдарының қысқаша атауы (бірегей сәйкестендіргіші), сондай-ақ қаржы құралдары үшін Ұлттық сәйкестендіру нөмірі (ҰСК), Халықаралық сәйкестендіру нөмірі (International Securities Identification Number - ISIN) не банк депозитін ашуға арналған шарттың нөмірі көрсетіледі.

3-бағанда қаржы құралы номинирленген «Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар» 07 ИСО 4217-2001 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісіне сәйкес валюта коды не туынды қаржы құралы бойынша базалық актив болып табылатын валюта коды көрсетіледі.

4-бағанда борыштық бағалы қағаздар үшін бағалы қағаздың рейтингтік бағасы, эмитенттің (банктің) акциялар (банктік салым) үшін рейтингісі не қарсы әріптестің туынды қаржы құралдары үшін рейтингісі, сондай-ақ рейтингтік бағаны берген рейтингтік агенттіктің атауы көрсетіледі. Екі және одан да көп рейтингтік баға болған жағдайда рейтингтік агенттіктердің бірінің халықаралық және (немесе) ұлттық шкала бойынша ең жоғары рейтингтік бағасы көрсетіледі.

5-бағанда шығарылым (мәміле (шарт)) талаптарына сәйкес борыштық бағалы қағаздар («кері РЕПО» операциясы немесе банк салымы немесе туынды қаржы құралы) үшін «күні/айы/жылы» форматында өтеу (жабу) күні көрсетіледі, үлестік және өзге де мерзімі көрсетілмеген бағалы қағаздар үшін бұл баған толтырылмайды.

6-бағанда акциялар үшін данамен көрсетілген саны, облигациялар үшін номиналдық құны көрсетіледі.

7-бағанда есептелген сыйақыны қоса алғанда, қаржы құралдарының құнсыздануын есепке ала отырып, есепті күндегі олардың ағымдағы жиынтық сомасы мың теңгемен көрсетіледі.

8-бағанда қаржы құралының бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфеліндегі үлес салмағы үтірден кейін екі мәнге дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

9-бағанда қаржы құралдарымен жасалатын мәміленің мәнін нақтылайтын қаржы құралдары туралы қосымша ақпарат көрсетіледі (мысалы, егер бағалы қағаз «кері РЕПО» операциясы нәтижесінде алынған жағдайда, бұл бағанда тиісті белгі қойылады).

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қаласы

2013 жылғы 26 шілде

№ 203

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларында сақталуға жататын негізгі құжаттардың тізбесін және оларды сақтау мерзімдерін белгілеу туралы

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларында сақталуға жататын негізгі құжаттардың тізбесі және оларды сақтау мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

** Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылғы 3 қазанда № 8767 тіркелген*

** Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігімен 2013 жылғы 29 тамызда келісілді*

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларында сақталуға жататын негізгі құжаттардың және оларды сақтау мерзімдерінің тізбесі

Бап №	Құжаттар түрлері	Құжаттардың сақталу мерзімі		Ескерту
		Орталық органында	БЖЗҚ, ¹ ЕЖЗҚ ² филиалдарымен өкілдіктерінде	
1	2	3	4	5
1. БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІ				
1.	Хаттамалар, отырыстар стенограммалары, БЖЗҚ, ЕЖЗҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдері, оларға құжаттар (баянжазбалар, анықтамалар, жобалар, шешімдер)	тұрақты	қажеттілігі өткенге дейін	
2.	Хаттамалар, стенограммалары, БЖЗҚ, ЕЖЗҚ атқару органының қаулылары, оларға құжаттар (баянжазбалар, анықтамалар, жобалар, шешімдер)	тұрақты	қажеттілігі өткенге дейін	
3.	Хаттамалар, БЖЗҚ, ЕЖЗҚ директорлар кеңесінің отырыстар стенограммалары, оларға құжаттар (баянжазбалар, анықтамалар, жобалар, шешімдер)	тұрақты	қажеттілігі өткенге дейін	
4.	БЖЗҚ, ЕЖЗҚ әзірлеген қағидалар, ережелер, нұсқаулықтар, әдістемелік нұсқаулар, ұсынымдар	тұрақты	жаңаға ауыстырғанға дейін	
5.	БЖЗҚ, ЕЖЗҚ басшыларының бұйрықтары, өкімдері:			
	1) негізгі қызметі бойынша;	тұрақты	тұрақты	
	2) жеке құрамы бойынша;	75 жыл	75 жыл	
	3) демалыстар, іссапарлар бойынша;	5 жыл	5 жыл	
2. БАҚЫЛАУ				

6.	Уәкілетті мемлекеттік органдары, аудиторлық ұйымдар және ішкі аудит жүргізетін БЖЗҚ, ЕЖЗҚ, олардың құрылымдық бөлімшелері қызметінің ревизиялары мен тексерулер құжаттары (баяндама, баянжазбалар, анықтамалар, актілер, қорытындылар, есептер, қарсылықтар, хат жазысу)	тұрақты	тұрақты	
7.	Тексерулер, ревизиялар нәтижелері бойынша ұсыныстарды орындау туралы құжаттар (баянжазбалар, есептер, анықтамалар, хат жазысу)	5 жыл СТК	5 жыл СТК	
8.	ЕЖЗҚ және БЖЗҚ жүргізетін ревизиялар, тексерулердің құжаттары (актілер, анықтамалар, хат жазысу)	5 жыл СК	5 жыл СК	
9.	Жүргізілген ревизияларды есепке алу және жүзеге асырылған ревизиялар (тексерулер) бойынша қабылдаған шешімдерді орындауына бақылау журналы	5 жыл	5 жыл	
3. ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК				
10.	Статистикалық есептер және БЖЗҚ, ЕЖЗҚ қызметі, оның филиалдары мен өкілдіктері бойынша кестелер: жиынтық жылдық есептер және үлкен мерзімділігі бар есептер; жылдық есептер және үлкен мерзімділігі бар есептер; жарты жылдық есептер; тоқсандық есептер; айлық есептер.			¹ Жылдық есептер болмаған кезде - тұрақты. ² Жылдық, жарты жылдық есептер болмаған кезде - тұрақты. ³ Жылдық, жарты жылдық, тоқсандық есептер болмаған кезде - тұрақты.
		Тұрақты	-	
		Тұрақты	10 жыл	
		5 жыл ¹	5 жыл	
		5 жыл ²	5 жыл	
		1 жыл ³	1 жыл	

11.	БЖЗҚ, ЕЖЗҚ атқарушы органы қызметінің нәтижелері туралы есептер: жиынтық жылдық есептер және үлкен мерзімділігі бар есептер; жылдық есептер және үлкен мерзімділігі бар есептер; жарты жылдық есептер; тоқсандық есептер; айлық есептер			Жылдық есептер болмаған кезде - тұрақты. ² Жылдық есептер болмаған кезде - 10 жыл. ³ Жылдық, жарты жылдық, есептер болмаған кезде - 10 жыл. ⁴ Жылдық, жарты жылдық, есептер болмаған кезде - 10 жыл. ⁵ Жылдық, жарты жылдық, тоқсандық есептер болмаған кезде - 10 жыл. ⁶ Жылдық, жарты жылдық, тоқсандық есептер болмаған кезде - 10 жыл.
		Тұрақты	-	
		Тұрақты	10 жыл	
		5 жыл ¹	5 жыл ²	
		5 жыл ³	5 жыл ⁴	
		3 жыл ⁵	3 жыл ⁶	
12.	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сәйкес бірінші басшысы немесе оның орнындағы тұлға қол қойған қағаз тасымалдағыштағы реттеуіш есептілік	3 жыл		
13.	БЖЗҚ, ЕЖЗҚ құрылымдық бөлімшелері қызметінің нәтижелері туралы есептер: жылдық есептер; жарты жылдық есептер; тоқсандық есептер; айлық есептер			
		5 жыл		
		5 жыл		
		3 жыл		
14.	Аудиторлық есептер: жылдық; тоқсандық.			¹ Жылдық есептер болмаған кезде - тұрақты. ² Жылдық есептер болмаған кезде - 10 жыл.
		Тұрақты	10 жыл	
		5 жыл ¹	5 жыл ²	
15.	БЖЗҚ, ЕЖЗҚ қаржылық есептілік: шоғырландырылған; жылдық; тоқсандық.	Тұрақты		¹ Жылдық есептер болмаған кезде - тұрақты. ² Жылдық есептер болмаған кезде - 10 жыл.
		Тұрақты 5 жыл ¹	- 10 жыл 5 жыл ²	
16.	Табыстау актілері, бөлу, тарату балансы және қосымшалар, оларға түсіндірме жазбалар.	Тұрақты	10 жыл	
17.	Жылдық қаржылық есептілікті әзірлеу және талдау жасау жөніндегі талдамалық кестелер.			
		Тұрақты	5 жыл	

18.	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау бойынша уәкілетті органдармен хат жазысу.	3 жыл	3 жыл	
19.	Бастапқы құжаттар және шаруашылық операциясын жасау фактісін белгілейтін және бухгалтерлік жазба үшін негіз болып табылатын олардың қосымшалары.	5 жыл ¹	5 жыл ¹	¹ Тексерулер аяқталған жағдайда. Даулар, келіспеушіліктер, тергеу және сот істері туындаған жағдайда - түпкілікті шешім шыққанға дейін сақталады.
20.	Есеп айырысу (есеп айырысу-төлем) ведомостары.	5 жыл ¹		¹ Жеке шоттар болмаған жағдайда - 75 жыл.
21.	Түгендеу карточкалары және негізгі қаражатты есепке алу кітаптары.	5 жыл ¹	5 жыл ¹	¹ Негізгі қаражатты жойғаннан кейін.
22.	Ақша сумалары мен тауар-материалдық құндылықтарды алуға сенімхат (оның ішінде күші жойылған сенімхаттар).	5 жыл ¹	5 жыл ¹	¹ Негізгі қаражатты жойғаннан кейін,
23.	Есепке алу тіркелімдері (бас кітап, журналдар-ордерлер, әзірleme кестелер), қосалқы және бақылау кітаптары, журналдар, картотекалар, кассалық кітаптар, айналым ведомостары.	5 жыл ¹	5 жыл ¹	¹ Тексерулер аяқталған жағдайда. Даулар, келіспеушіліктер, тергеу және сот істері туындаған жағдайда - түпкілікті шешім шыққанға дейін сақталады.
24.	Шоттарды, кассалық ордерлерді, сенімхаттарды, төлем тапсырмаларын тіркеу журналдары, кітаптары.	5 жыл	5 жыл	
25.	Жалақы қорларын, лимиттерін есепке алу мен олардың жұмсалуын қадағалау туралы, жалақы бойынша артық жұмсалым мен қарыз туралы, жалақыдан, әлеуметтік сақтандыру құралдарынан ұсталымдар туралы, демалыс және жұмыстан босату жәрдемақыларын төлеу туралы мәліметтер.	5 жыл	5 жыл	

26.	Түгендеу жөніндегі құжаттар (түгендеу комиссиялары отырыстарының хаттамалары, түгендеу тізімдемелері, актілер, салыстырмалы ведомостар).	5 жыл ¹	5 жыл ¹	¹ Тексерулер аяқталған жағдайда. Даулар, келіспеушіліктер, тергеу және сот істері туындаған жағдайда - түпкілікті шешім шыққанға дейін сақталады.
27.	Жәрдемақылар, зейнетақылар, әлеуметтік сақтандыру бойынша жұмысқа жарамсыздық қағаздарын төлеу жөніндегі құжаттар (есептердің көшірмелері, хаттамалардан үзінділер, қорытындылар).	Қажеттілігі өткенге дейін ¹	Қажеттілігі өткенге дейін ¹	¹ Кемінде 5 жыл.
28.	Орындау қағаздары.	Қажеттілігі өткенге дейін ¹	Қажеттілігі өткенге дейін ¹	¹ Кемінде 5 жыл.
29.	Демалыстарға ақы төлеу, салық бойынша жеңілдіктер алу үшін бухгалтерияға берілетін анықтамалар.	Қажеттілігі өткенге дейін ¹	Қажеттілігі өткенге дейін ¹	¹ Кемінде 5 жыл.
30.	Дебиторлық берешек, кем шығу, ысырап қылу, талан-тараж бойынша құжаттар (анықтамалар, актілер, міндеттемелер, хат жазысу).	Қажеттілігі өткенге дейін	Қажеттілігі өткенге дейін ¹	¹ Кемінде 5 жыл.
31.	Негізгі қорларды қайта бағалау жөніндегі құжаттар (хаттамалар, актілер, есептер).	Тұрақты	Қайта бағалағанға дейін	
32.	Қайта бағалау актілері, ведомостары және негізгі қаражаттың тозуын анықтау.	Тұрақты	Қайта бағалағанға дейін	
33.	Үйлердің, ғимараттардың және жабдықтың паспорттары.	Тұрақты	Тұрақты	
34.	Құжаттық ревизиялар мен бақылау-тексеру жұмыстарын жүргізу жөніндегі құжаттар (жоспарлар, есептер, хат жазысу).	3 жыл		
35.	БЖЗҚ, ЕЖЗҚ, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің қаржы-шаруашылық қызметтің құжаттық ревизиясының актілері, құжаттары (анықтамалар, ақпараттар, баянжазбалар).	5 жыл ¹	5 жыл ¹	¹ Тексерулер аяқталған жағдайда. Даулар, келіспеушіліктер, тергеу және сот істері туындаған жағдайда - түпкілікті шешім шыққанға дейін сақталады.
36.	Кассаларды, салықтарды өндіріп алудың дұрыстығын тексеру актілері.	5 жыл	5 жыл	

37.	Шарттар, келісімдер.	5 жыл ¹	5 жыл ¹	¹ Шарттың, келісімнің қолданылу мерзімі өткеннен кейін, тексерулер аяқталған жағдайда.
38.	Шарттардың тізілімдері.	5 жыл		
39.	Материалдық жауапкершілік туралы шарттар.	5 жыл ¹	5 жыл ¹	¹ Материалдық жауапты тұлға жұмыстан шыққаннан кейін.
40.	Әкімшілік-шаруашылық мәселелері бойынша хат жазысу.	5 жыл		
41.	Қол қою (материалдық жауапты тұлғалардың) үлгілері.	Қажеттілігі өткенге дейін	Қажеттілігі өткенге дейін	
42.	БЖЗҚ және ЕЖЗҚ салық декларациялары және салықтардың барлық түрлері бойынша оларға есеп айырысулар, салықтық әкімшілендіру бойынша құжаттар және резиденттік сертификаттары	5 жыл ЭТК		
4. ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ				
43.	Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға лицензия алу үшін лицензиарға берілген құжаттар (қаржы құжаттары, зейнетақы ережелері, ішкі бақылау туралы ереже, есеп саясаты, экономикалық негіздеме, кастодиандық шарт).	Тұрақты		
44.	БЖЗҚ, ЕЖЗҚ, қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға берілген басшы қызметкерлеріне үміткерлерді келісу үшін құжаттар (өтініш, сауалнама, жеке құжаттардың көшірмелері, бұйрық, хаттамадан үзінді көшірме).	Тұрақты	Тұрақты	
45.	БЖЗҚ, ЕЖЗҚ филиалдары мен өкілдіктерін ашуға және жабуға құжаттар (бұйрық, шешім, экономикалық негіздеме, сенімхат).	Тұрақты	Тұрақты	

46.	БЖЗҚ, ЕЖЗҚ автоматтандырылған ақпарат жүйесі туралы құжаттар (техникалық тапсырма, актілер, есептер, сипаттама).	Тұрақты		
47.	Зейнетақы шарттары, сондай-ақ зейнетақы шарты деректерінің өзгеруіне әсер ететін құжаттар.	5 жыл ¹	5 жыл ¹	¹ Шарттың, келісімнің қолданылу мерзімі өткеннен кейін, тексерулер аяқталған жағдайда.
48.	Жеке зейнетақы шоттары бойынша деректер базасы	80 жыл-«В» ²	80 жыл- «В» ²	² электрондық тасымалдағышта
49.	Жеке зейнетақы шоттарын тіркеу кітабы ¹ .	Тұрақты ¹	Тұрақты ¹	¹ электрондық тасымалдағышта
50.	Бастапқы құжаттар және зейнетақы жарналарының түсуін растайтын оларға қосымшалары.	5 жыл ¹		Тексерулер аяқталған жағдайда. Даулар, келіспеушіліктер, тергеу және сот істері туындаған жағдайда - түпкілікті шешім шыққанға дейін сақталады.
51.	Инвестициялық шот бойынша кастодиан банктің жиынтық хабарламасы.	5 жыл		
52.	Инвестициялар портфелінің құрылымы.	5 жыл		
53.	Банктік, кастодиандық шоттардан үзінді және оларға қосымшалары.	5 жыл		
54.	Инвестициялық портфельді басқарушысымен және кастодиан банкпен салыстырып тексеру актілері	5 жыл		
55.	Шартты бірлік құнын жыл сайын есептеу.	Тұрақты		
56.	«Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның қате есептелген міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлды қайтаруға электрондық өтінімі	Тұрақты ¹		¹ Электрондық тасымалдағышта.

57.	«Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары есебінде және жеке зейнетақы шотында салымшының нотариалды куәландырылған электрондық көшірмелерінің қоса бере отырып, зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа салымшылардың (алушылардың) деректемелеріне өзгерістер енгізу үшін электрондық өтінімі	Тұрақты ¹		¹ Электрондық тасымалдағышта.
58.	Жинақталған зейнетақы қаражатын аудару бойынша құжаттар (өтініштер).	5 жыл ¹	5 жыл ¹	¹ Аударғаннан кейін.
59.	БЖЗҚ, ЕЖЗҚ берілген, зейнетақы төлемдерін алуға және жинақталған зейнетақы қаражатын алуға құжаттар (өтініш, жеке құжаттардың көшірмелері, жұмыстан шығу, шақыру қағаздары, мұрагерлік құқығы, қайтыс болғандығы туралы куәлік).	75 жыл-«В»	75 жыл-«В»	
60.	Жеке зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпарат алуға өтініш.	1 жыл	1 жыл	
61.	Салымшыларға хабарламалар жіберу тізілімдері.	2 жыл	2 жыл	
62.	Жылдық ақпараттандыру және салымшыларға жылдық ақпараттандыру бойынша хабарландыру кезде салымшылар (алушылар) алмаған жеке зейнетақы шоттарынан үзінді көшірмелер	1 жыл	1 жыл	
63.	БЖЗҚ, ЕЖЗҚ олардың филиалдары мен өкілдіктерінің негізгі қызметі бойынша хат жазусы.	5 жыл	5 жыл	
64.	Зейнетақы жарналары салымшыларымен (алушылармен) және салымшыларымен/ алушылармен хат жазысу.	5 жыл	5 жыл	

65.	ЕЖЗҚ қайта ұйымдастыруға және таратуға қатысты құжаттар (қаулылар, шешімдер, хаттамалар, актілер, хабарландыру қорытындылары және т.б.)	Тұрақты		
-----	---	---------	--	--

¹Бірінғай жинақтаушы зейнетақы қоры

²Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры

Ескерту: 75 жыл - «В» - осындай сақтау мерзімімен белгіленген құжаттар күшін, сақтау мерзімін есептеу істің аяқталу кезіне қарай адамның жас мөлшерін («В» әрпімен белгіленген) есепке ала отырып жүргізу қажет. Істі сақтаудың ұзақтығы іс жүргізуші адам оны бітіргеннен кейін 75 жасқа - «В»-ға тең болуы тиіс, мұндағы «В» істің аяқталу кезіне қарай тұлғаның жас мөлшерін белгілейді.

Е-KZT МҮМКІНДІКТЕРІМЕН ТАНЫС БОЛЫҢЫЗДАР

Сізге e-kzt Интернет арқылы оңай тез және ең бастысы қауіпсіз сатып алуға мүмкіндік береді.

Е-KZT-бұл интернет желісіндегі тауарлар мен қызметтерге ақы төлеуге, ақша аударуға, түсім және төлем туралы барлық ақпаратты сенімді сақтауға мүмкіндік береді. Коммуналдық қызметтер, телефония, теледидар, он-лайн ойындар, жеңілдік купондар және сертификаттар, интернет және хостинг, сондай-ақ, көптеген басқа қызметтердің төлем www.e-kzt.kz порталында қол жетімді болады.



«e-kzt» өзгеше ерекшеліктері ең төменгі тариф пен ыңғайлы интерфейс ті пайдалану оңай болыптабылады. Электронды ақша арқылы төлем тез арада жүргізіледі, ал электронды әмиянды ашу және толтыру on-line тәртібінде жеке ақпарат бланкін тольырмай-ақ санаулы минуттарда жүргізіледі.

Форумында Сізді қызықтыратын сұрақтарды қоя аласыз.

[HTTPS:// WWW.EKZT.KZ/FEEDBACK](https://www.e-kzt.kz/feedback)